

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Абилов Саламат Канибайұлы**

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘЙТЕКЕ БИ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА  
КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04107 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін алу үшін  
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Мусатаева А.А. PhD

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_» \_\_\_\_\_ 2022ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ Акижанов К.Б. PhD, профессор

Нұр-Сұлтан, 2022

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ.....</b>	<b>8</b>
<b>ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....</b>	<b>12</b>
<b>ТАЛДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>14</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>42</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>53</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>57</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Кәсіпкерлікт Кодексі;

«Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1060 қаулысы;

2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауы;

«2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысы;

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 тамыздағы №513 қаулысы;

## Белгілер мен қысқартулар

АЕК	- Айлық есептік көрсеткіш
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
БҚО	- Батыс Қазақстан облысы
ЖІӨ	- Жалпы ішкі өнім
КСРО	- Кеңестік социалистік республикалар одағы
ММ	- Мемлекеттік мекеме
РФ	- Ресей Федерациясы
СҚО	- Солтүстік Қазақстан облысы
ҰКП	- Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ШҚО	- Шығыс Қазақстан облысы
ШОК	- Шағын және орта кәсіпкерлік

## Кіріспе

Шағын және орта кәсіпкерлік кез келген мемлекеттің экономикасының негізі болып табылады. Шағын және орта кәсіпкерлік экономикалық белсенді халықты жұмыс орындарымен қамтып, инновацияларды енгізу және салаларды әртараптандыруға әсер етеді. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін жоғарылату үшін шағын және орта кәсіпкерлік объектілерін көбейткен жөн. Аталған саланы дамыту бойынша мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін ұлғайту – басты мақсат. Ол үшін әрбір өңірлік деңгейде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің сандарын көбейту, және олардың жұмыстарын жандандыру шарт. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша жергілікті атқарушы органдар арқылы іске асырылатын бірнеше мемлекеттік бағдарламалар жұмыс жасауда. Алайда, бүгінгі күні жұмыссыздар саны азаймай тұрғанын, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны көбейіп жатқанын, сонымен қатар бірқатар мекемелерде штат санын қысқарту процестері ұлғайып жатқанын ескерсек, шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын көбейтіп, жұмыстарын жандандыру мақсатында мемлекеттік қолдау шараларын әлдеқайда тиімді етіп, қосымша әдістер әзірлеу қажет екені байқалады.

Қазіргі таңда қолданылып жатқан кәсіпкерлікті дамыту механизмдері оң динамиканы көрсеткенімен, тек сандық тұрғыда ғана. Құзыретті мемлекеттік органдар тарапынан сапалылық көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша жұмыстар атқарылуда: шағын және орта кәсіпкерліктің экономиканы әртараптандырудағы әсері, сапалы жұмыс орындарды құруы, экспорттық потенциалды жүзеге асыруы, тұрақты экономикалық дамуға бағдарлану.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «...Тиімді шағын және орта бизнес – қала мен ауылды дамытудың берік негізі», дей келе шағын бизнеске түсетін ауыртпалықты азайту, көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимылды күшейу, шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсету жүйесін жаңа жобаларға басымдық бере отырып, қайта құруға айрықша назар аударды [1].

2020 жылы бүкіл әлемді жаулаған Covid-19 пандемиясы тұтастай ұлттық экономикаға, оның ішінде әсіресе, шағын және орта кәсіпкерлікке үлкен соққы болғанын да айта кеткен жөн. Дегенмен де, Үкіметтің уақытылы дағдарысқа қарсы іс-шараларының нәтижесінде экономиканың аталмыш секторына едәуір қолдау көрсетілді. Осылайша, «Атамекен» ҰКП VII съезінде мемлекет басшысы былай деген болатын: «Бүкіл әлемге тараған эпидемия былтырдан бері еліміздегі кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтірді. Қиын сәтте мемлекет бизнес саласына жан-жақты қолдау көрсетті. Әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында жалпы құны 6,3 триллион теңге болатын дағдарысқа қарсы шаралардың 3 топтамасы жүзеге асырылды. Бұл ахуалды түзеуге және экономикалық белсенділік пен кәсіпкерлік бастамаларды қайта қалыпқа келтіруге мүмкіндік берді. Жұмыссыздықтың бірден белең алуына және кәсіпорындардың жаппай банкротқа ұшырауына жол бермедік. Мемлекет бизнеске көмек көрсету ісін жалғастыра береді» [2].

Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікке «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы, «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» шеңберінде, сонымен қатар еліміздегі даму институттарының арнайы бағдарламалары шеңберінде қолдау көрсетілуде. Алайда, көрсетіліп жатқан қолдау шараларына қарамастан, қазіргі таңда еліміздегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлес салмағы дамыған елдердің үлесінен әлдеқайда төмен. Мысалы, Ұлыбританияда ЖІӨ-гі ШОБ үлесі 51%, Германияда 53%, Финляндияда 60%, Нидерландыда 63%-ды, тіпті көршілес Өзбекстанда (орташаны есептегенде) 54%-ды құраса, ал Қазақстанда 2021 жылғы қаңтар-қыркүйек қорытындылары бойынша 34,7%-ды құрады [3]. Әсіресе, өңірлік деңгейде экономиканың аталған секторының үлесінің біртекті емес екендігі зерттеу тақырыбы өзектілігінің жоғары екенін дәлелдейді.

Магистрлік жобаның **мақсаты** – өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын қолдау шараларының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттерді** шешу көзделеді:

1. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында, оның ішінде Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында қолданылып жатқан ШОК қолдау механизмдерінің тиімділігін талдау;

2. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша шетелдік тәжірибені зерттеу;

3. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Магистрлік жобаның **нысаны** – шағын және орта кәсіпкерлік (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы мысалында), **пәні** – Қазақстан Республикасы өңірлерінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда жергілікті атқарушы органдар жүзеге асыратын қолдау шаралары.

#### **Зерттеу сұрақтары:**

- Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдау шаралары қаншалықты тиімді;

- Өңірлік деңгейде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін ынталандырып, сапалық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін қандай механизмдер мен шаралар қажет.

**Күтілетін нәтиже** – өңірлерде жергілікті атқарушы органдар тарапынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетілетін қаржылық және қаржылай емес қолдау шараларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Жобалық жұмыстың **жаңашылдығы** берілген ұсыныстарды тәжірибеде қолдану Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ететін болады.

Зерттеудің **практикалық маңыздылығы** жасалған ұсыныстар өңірде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда жергілікті атқарушы органмен қолданылуы мүмкін.

**Зерттеу әдістері.** Магистерлік жобаны даярлау барысында сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды: мәтіндік, салыстырмалы, сауалнама, статистикалық талдау, SWOT-талдау, Декарт шаршысы.

**Жариялау.** Магистерлік жоба тақырыбы бойынша ғылыми журналда «Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндіктері (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы мысалында)» тақырыбында 1 ғылыми мақала жарияланды.

## Әдебиетке шолу

Зерттеу жұмысын сапалы жүргізу мақсатында жалпы кәсіпкерлік ұғымына анықтама беретін, сонымен қатар шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша, кәсіпкерлік қызметке қатысты тақырыптар қозғалған әдебиет көздері талданды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес, «кәсіпкерлік» - бұл азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметін білдіретін термин [4].

Көптеген ғалымдар «кәсіпкерлік» және «бизнес» ұғымдарын синонимдер ретінде қарастырады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бизнес ұғымы кәсіпкерлік қызметке қарағанда кеңірек, өйткені бизнес кез-келген қызмет саласында кез-келген, соның ішінде бір реттік, коммерциялық мәмілелер жасау болып табылады. Бұл ұғымдардың негізгі айырмашылығы: «кәсіпкерлік» тұжырымдамасы әрқашан формализацияланған және кәсіпкерлік құрылымдар түрінде әрекет етеді, бизнестегі субъектілер кейде тауарлық немесе ақшалай нысанда коммерциялық мәмілелер жасайтын кәсіпкерлік емес ұйымдар мен мекемелер болуы мүмкін.

Заманауи құқықтық актілерде «бизнес» терминінің орнына «кәсіпкерлік қызмет» түсінігі қолданылуда, сондықтан оларда материалдық емес саладағы коммерциялық қызмет реттелмейді. Зерттеу барысында кәсіпкерлік қызметтің экономикада маңызды орын алатыны анықталды, экономикалық дамудың әрбір кезеңінде оның мәні толық ашылды, әртүрлі теориялар бұл ұғымды тек жаңа кеңейту функцияларының сипаттамаларымен толықтырды.

Көптеген зерттеушілер француз экономисті Р.Кантильонды (18 ғ.) бірінші бизнес теоретигі деп санайды. Ол кәсіпкерді белгілі бір бағамен өндіріс құралдарын сатып алатын және табыс алу үшін белгілі бір өнімді шығарып сататын адам ретінде анықтады [5]. Ж.Б.Сэйдің пікірінше, кәсіпкер экономикалық ресурстарды төмен өнімділік пен төмен кірістерден жоғары өнімділік пен кірістілік аймағына жылжытады, автордың 15 еңбегінде өндіріс факторларын үйлестірудің кәсіпкерлік функциясына баса назар аударылады [6].

19-20 ғасырдың басында алғаш рет экономика ғалымдары кәсіпкерлік институты ел экономикасында маңызды рөл атқаратынын түсінді. Өз жұмыстарында австриялық мектептің (неоклассикалық) өкілдері А. Маршалл мен Ф.Визер кәсіпкерді менеджермен анықтайды. Кәсіпкерлік функция, олардың көзқарасы бойынша, өндірісті өзгертін нарықтық жағдайларға бейімдеу, бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіру, ресурстарды тиімді пайдалану және сұранысты қанағаттандыру; ұйым жер, еңбек және капиталмен қатар «өндірістің төртінші факторы» ретінде қарастырылады [7].

Қазіргі экономистер кәсіпкерлікті қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырады, оның негізі: бастама, кәсіпкердің бизнесті жүргізу үдерісінде



басқарушылық шешімдер қабылдауы, жаңашылдық, тәуекел. Бұл көзқарасты АҚШ университеттерінің ғалымдары К.Макконнелл және С.Брю ұстанады [8].

Кәсіпкерлік қызмет (кәсіпкерлік) көбінесе азаматтар мен олардың бірлестіктерінің пайда табуға бағытталған бастамашыл дербес қызметі ретінде түсіндіріледі. Кәсіпкерлік, бизнес сияқты, көлемі бойынша ірі, орта және шағын болып бөлінеді. Ірі және орта бизнес экономиканың негізін құрайды, алайда шағын бизнес бүгінде маңызды стратегиялық ресурс болып табылады, соның арқасында елдің экономикалық дамуы мен әл-ауқатының жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі.

Әлемдік практикада шағын бизнесті әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы шағын кәсіпорындар құрайды, осы нысандардың әрқайсысы пайдаланылатын ресурстардың аз көлемімен сипатталады. Шағын кәсіпорындар меншік иелерінің орта таптарының қалыптасуына ықпал етеді, тұтастай алғанда мемлекет экономикасының да, өңір экономикасының да тұрақтылығына негіз жасайды, шағын бизнес субъектілерінің арқасында жаңа жұмыс орындары пайда болады, салық салу базасы кеңейеді, бұл сайып келгенде, халықтың өмір сүру сапасының артуына әкеледі.

Оксанич Н.И. неғұрлым толық анықтама береді: «шағын бизнес - бұл әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы немесе заңды тұлға құрмай, саны шектеулі шаруашылық жүргізуші субъектілердің кәсіпкерлік қызметі, олардың мақсаты - сатуға арналған өнімді өндіру (аз мөлшерде) және оны сатудан өзіне кәсіпкерлік кірісті қамтамасыз ету» [9]. Бұл анықтамада шағын бизнестің маңызды сипаттамалары (қызмет мақсаты, ауқымы, меншік және шаруашылық нысаны) ашылады.

Сонымен, шағын бизнестің жоғарыда келтірілген анықтамаларын талдау шағын бизнес - ең алдымен, шағын кәсіпорындар жүзеге асыратын өндіріс саласындағы кәсіпкерлік (экономикалық) қызмет деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, қызметкерлердің жылдық орташа саны мен жылдық орташа кіріс көлемімен байланысты болады. Сонымен қатар, «шағын және орта кәсіпорындар» (ШОК) ұғымы кеңінен қолданылады. «Шағын және орта кәсіпкерлік» терминін алғаш рет британдық министр М. Милан 1931 жылы Ұлыбританияның өнеркәсіптік және қаржылық жағдайы туралы баяндамасында қолданған [10].

Қазақстанда кәсіпкерлік субъектілерін жіктеу С.Мороздың еңбегінде толыққанды зерттелген. Оның пікірінше, біздің елде шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мәселелері алғаш рет ХХ ғ. 90-шы жж. басында қойылды («Қазақ ССР-де шағын кәсіпорындар құру және дамыту жөніндегі шаралар туралы» Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің арнайы қаулысы 1990 ж. 31 Қазанда № 432 қабылданды), бірақ заңнамалық деңгейде бұл мәселелер 90-шы жылдардың екінші жартысында ғана шешілген (атап айтқанда, «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңы 1997 ж. 19 маусымда № 131-1 қабылданды). Аталмыш заңнамаға сәйкес, шағын кәсіпкерлік субъектісі заңды тұлға құрмаған жеке тұлға және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын,

қызметкерлерінің орташа жылдық саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жалпы құны жылына 60 мың еселенген есептік көрсеткіштен аспайтын заңды тұлға болып табылады (шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы Заңның 3-бабының 1-тармағы).

Осы уақытқа дейін жағдай біркелкі болмады, өйткені заң шығарушы кәсіпкер жүзеге асыратын қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштерін ескереді. Мәселен, жеке кәсіпкерлік туралы Заңға сәйкес жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын заңды тұлға құрмаған дара кәсіпкерлер және жұмыскерлерінің жылдық орташа саны 50 адамнан аспайтын және активтерінің жылдық орташа құны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) 60 мың еселенген мөлшерінен аспайтын жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын заңды тұлғалар шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылады, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа саны осы субъект филиалдарының, өкілдіктерінің және басқа да оқшауланған бөлімшелерінің жұмыскерлерін қоса алғанда, барлық жұмыскерлер ескеріле отырып айқындалады).

Аталған шарттардың біреуі асып кеткен жағдайда, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін көзделген жеңілдіктер қолданылмайды. Бұл жерде шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шаралары туралы, сондай-ақ басқа да жеңілдіктер туралы айтылады (атап айтқанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жасаудың жеңілдетілген нысаны туралы) [11].

Қазақстан өңірлері өздерінің ішкі әлеуметтік-экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін шағын және орта кәсіпкерлікті қаржылай қолдау механизмдерін өздері басқара алуы қажет. Себебі әрбір өңірдің, әрбір ауданның өздеріне тән ерекшеліктері мен даму шарттары бар, қаржылай ресурстары мен мүмкіндіктері бар. Лондон Университеттік колледжінің инновациялар және қоғамдық құндылықтар экономикасының профессоры, сондай-ақ инновациялар және қоғамдық мақсаттар институтының (ИПР) негізін қалаушысы және директоры Мариана Мацукато өзінің «Кәсіпкерлік мемлекет» («*The Entrepreneurial State*») [12] кітабында кәсіпкерліктің дамуына және елдегі прогресті ілгерілетуге мүдделі болуға тиіс тарап үкімет екенін дәлелдеп көрсеткен. Яғни, мемлекеттік саясат елдегі инновациялық дамуға, кәсіпкерлікті әртараптандыруға өзі қызығушылық танытып, венчурлы инвестор болуы тиіс. Ал кәсіпкерлік субъектілері өз жағынан салықтар, жаңа және қосымша жұмыс орындар ашу, қоғамдық әл-ауқат деңгейін арттыру секілді жұмыстарды атқарады. Яғни, М.Мацукато ойының жалғасы ретінде, жергілікті атқарушы органдар кәсіпкерлердің санының көбеюіне емес, сапасына жұмыс жасауы тиіс, және бұған қажетті барлық жағдай жасауға мүдделі.

Кәсіпкерлікке мемлекет араласуы мүлдем дұрыс емес, кәсіпкерлік субъектілері өздерінің ынталарымен жұмыс атқаруы тиіс, нарыққа еркіндік қажет деген де тұжырымдар бар. Алайда, бұндай тұжырымның дұрыс еместігін экономист, Кембридж университетінің профессоры Ха-Джун Чхан өзінің «23

құпия: капитализм туралы Сізге айтылмайтын нәрсе» (23 Things They Don't Tell You About Capitalism, 2010) [13] атты кітабында айқындап көрсеткен.

«Нарық еркіндігі» жоқ дейді Ха-Джун Чхан. Кез келген нарықта таңдау еркіндігін шектейтін ережелер мен шеңберлер бар. Егер сыртқы көріністе нарық еркін болып көрінсе, онда біз оның негізіндегі құрылымдарды толығымен қабылдағандықтан, оларды тіпті байқамаймыз.

Әдебиетке шолу бойынша қорытындылар:

1) Ірі және орта бизнес экономиканың негізін құрайды, алайда шағын бизнес бүгінде маңызды стратегиялық ресурс болып табылады, соның арқасында елдің экономикалық дамуы мен әл-ауқатының жоғары деңгейі қамтамасыз етіледі;

2) Шағын бизнес - ең алдымен, шағын кәсіпорындар жүзеге асыратын өндіріс саласындағы кәсіпкерлік (экономикалық) қызмет;

3) Шағын кәсіпкерлік, ең алдымен, қызметкерлердің жылдық орташа саны мен жылдық орташа кіріс көлемімен байланысты;

4) Шағын бизнестің мақсаты – сатуға арналған өнімді өндіру (аз мөлшерде) және оны сатудан өзіне кәсіпкерлік кірісті қамтамасыз ету;

5) Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін көзделген жеңілдіктер белгілі шарттар аясында қолданылады.

6) Мемлекеттік қолдау және реттеу механизмдерінің тиімділігін арттыру арқылы ШОК дамуына жетуге болады

## **Зерттеу әдістері**

Деректердің жоғары сенімділігіне қол жеткізу үшін, сондай-ақ әзірленген ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерттеу мақсатында сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды.

Бастапқыда теориялық талдау және әдебиетке шолу әдісін қолдану арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі трендтері анықталды, магистерлік жоба тақырыбы бойынша бағдарламалық құжаттар мен ғылыми жұмыстар талданды. Сонымен қатар, әдебиетке шолу және талдау магистерлік жұмыстың құрылымдық бөлімі болып келеді.

Келесі кезеңде мазмұнды талдау әдісі қолданылды. Бұл әдістің негіздемесі – шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың және саланы дамыту бойынша жұмыстардың халықаралық және отандық тәжірибені зерттеудің маңыздылығында.

Жоба аясында зерттеу жұмысын объективті жүргізу мақсатында статистикалық зерттеу әдістерін, сонымен қатар халықаралық тәжірибені салыстыру арқылы салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды. Осы мақсатта Ұлттық статистика бюросының және аудан әкімдігінің ақпараттары қолданылды.

Магистерлік жоба нысаны – шағын және орта кәсіпкерлік Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы мысалында қарастырылатындықтан, осы сала аясында негізгі жұмысты атқаратын «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары мен қызметтері талданды.

Аталған мемлекеттік мекеменің аудан тұрғындарымен және кәсіпкерлермен ақпарат бөлісу құралы ретінде әлеуметтік желісіндегі аккаунтына сараптама жүргізілді. Зерттеу аясында белсенді түрде жарияланымдар шығарылатындығы, алайда тек мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жұмыстар бойынша облыстық басқармадан келетін ақпараттық инфографикалар шығып тұратындығы және «Даму» қорының ақпараттары, сонымен қатар мемлекеттік мекеменің жұмыс барысындағы фотоесептері жарияланатындығы анықталды.

Аудан тұрғындары арасында жүргізіліп жатқан кәсіпкерлікті қолдау саясаты бойынша хабардарлығы мен өздерінің кәсіпкерлікті бастауға ынталарын және осы саладағы қиындықтары бойынша көзқарастарын анықтау мақсатында «Google forms» арқылы Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы тұрғындары арасында онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама 19 сұрақтан тұрды. Жалпы 70 әйтекебилік өздерінің жауаптарын берген. Оның ішінде: 30,0%-і сауалнамадан өту уақытында мемлекеттік қызметте еңбек етеді, 20%-і – кәсіпкерлікпен айналысады, 18,6%-ы – түрлі жалдамалы жұмыста еңбек етеді, 12,9%-і – бюджеттік сала қызметкері, 5,7%-і – шаруа қожалықта қызмет етеді, 12,8%-і – жұмыссыздар. Сауалнама қорытындысы арқылы жинақталған жауаптар мен мәліметтер «R» зерттеу құралы арқылы талданды. Нәтижесінде, ауданда кәсіп ашудың жеңілдігінің бағалануы 1 ұпайға көтерілген сайын мемлекеттік органдардың жұмыс көрсеткішінің бағасы 0,4 ұпайға көтеріледі. Гранттар мен

микрокредиттер бойынша ақпараттың қолжетімділігі артқан сайын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі 1,5 тармаққа артады. Жасалған зерттеу жұмысының сенімділігі 98%-ды құрды, р-value жоғарыдағы факторлар бойынша 0,02-ні құрды.

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында мемлекеттік қолдауды қажет ететін кәсіпкерліктің әлеуетті бағыттарын айқындау мақсатында «Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының 2020-2025 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасы» құжатына SWOT-талдау жасалды. Талдау қорытындысы бойынша кәсіпкерлік қызметті жүргізуге әлеуетті бағыттар тізімі ұсынылды.

Жоба қорытындысы бойынша берілген ұсыныс SWOT-талдау құралы арқылы талданды, талдау құралының тәртібі бойынша іс-әрекеттер матрицасы құрылды. Қорытындысы бойынша ұсынысты тиімді іске асыру мақсатында жол картасы жасақталды.

Келтірілген ұсыныстардың тиімділігін бағалау мақсатында Декарт шаршысы қолданылды.

Жалпы, талдау жұмыстары және берілген ұсыныстар нақты деректерге негізделген, мұқият зерттеліп құрылымдалған және талданған.

Қазақстан Республикасы үкіметінің басты мақсаттарының бірі – шағын және орта кәсіпкерлікті ел экономикасының басты драйверіне айналдыру. Дегенмен, қазіргі таңда, статистикалық мәліметтерге сәйкес, қазақстандық шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіші жалпы ішкі өнімнің үштен біріне әрең дегенде жетеді. Тиісті нәтижеге қол жеткізу үшін бірқатар жұмыстар атқарылуы керек, мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне деген үлкен қолдау қажет.

Аталған бағыттағы жұмысты жалғастырып, алдағы шағын және орта кәсіпкерлікке бағытталатын мемлекеттік қолдау шараларын тиімді ету мақсатында озық халықаралық тәжірибені зерттеп қараған жөн.

#### *Германия тәжірибесі*

Германияда 3,3 миллионнан астам шағын бизнес субъектілері бар, бұл бизнестің жалпы санының шамамен 90% құрайды. Шағын бизнес жұмыс орындарының шамамен 70%-ын құрайды, олар елдегі барлық жас мамандардың 80%-ға жуығын оқытуды қамтамасыз етеді, сатудан түсетін салықтың 45%-ға жуығын төлейді, Германия экспортының 30%-ын жүзеге асырады. 2000-шы жылдың өзінде олар жалпы инвестицияның 46%-ын шоғырландырды және Германияның ЖІӨ-нің 57%-ын құрады. Сондықтан шағын және орта кәсіпкерлікті Германия экономикасының іргелі элементі ретінде қарастыруға болады [14].

Қазақстандағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің басты мәселелерінің бірі болатын қаржыландыру мәселесі Германия елінде болса тікелей және жанама қаржылық көмек көрсету өте маңызды. Тікелей қаржылық көмек ретінде мемлекеттік инвестициялық субсидиялар мен жеңілдетілген несиелер беру қарастырылған. Сонымен қатар, Германияда жаңа ашылып жатқан кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсетуге үлкен назар аударады, себебі оларда өз кәсібін ашарда көбінесе жеке капиталы жетіспейді, несие алуға көп мүмкіндіктері жоқ, және арнайы білімі аз болады. Осы мақсатта бұл мемлекетте 20 жылға дейін мерзімде берілетін, бастапқы 10 жыл бойы қайтаруды талап етпейтін, сонымен қатар инвестицияның 40%-н кепілсіз беретін жеңілдетілген несиелер беріледі. Сондай-ақ, Германияда несиенің 80%-не дейін қаражатының қайтарылмау қаупіне жауапкершілік алатын немесе үлескер ретінде қатысатын арнайы кепілдеме банктері қызмет етеді.

#### *Германия мемлекетінде Бавария жері тәжірибесі*

Баварияда шағын және орта бизнесті қаржыландыру бағдарламасы аясында осы сектор өкілдеріне несиелер, оның ішінде ұзақ мерзімді несиелер, төмендетілген және ұзақ мерзімді тіркелген пайыздық мөлшерлемелермен беріледі. Кәсіпкерлерді қолдаудың өңірлік бағдарламалары гранттар түріндегі инвестициялық көмекті немесе несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді қосымша төмендетуді қамтиды. Бұл шаралар негізінен қолайсыз жағдайлары бар жекелеген өңірлерде орналасқан кәсіпкерлік субъектілеріне, сондай-ақ кәсіпкерлікпен байланысты инфрақұрылым мен туристік нысандарға инвестициялау үшін қарастырылған. Сондай-ақ жаңадан бастаушылар мен өсіп келе жатқан компаниялар үшін меншікті және венчурлық капиталға

қолжетімділік бар. Атап айтқанда, бизнес-инкубаторлар (Gründerzentren), Баварияда олардың шамамен 50-і бар, кәсіпкерлерге өз кәсіпорындарын құру кезеңінде үлкен көмек көрсетуде. Жаңадан бастау алатын кәсіпкерлік субъектілеріне арналған кеңестер беруге келетін болсақ, Бавария компанияны іске қосу кезеңінде консалтингтік қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындардың 70%-ын жабатын арнайы гранттар береді (ең көбі он күнге күніне ең көбі 560 еуро). Үздік бизнес-жоспар үшін конкурстар өткізіледі. Сыртқы нарыққа шығуды жеңілдетуге ерекше назар аударылады, бұл үшін арнайы кеңестер жүргізіледі, жәрмеңкелер, көрмелер және т.б. [15].

#### *Франция тәжірибесі*

Франция мемлекеті шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге Германия елінен ертерек бастап кеткен болатын.

2008 жылы Франция үкіметі шағын және орта кәсіпкерлік саласына азаматтар капиталын тарту бойынша ауқымды науқан жүргізген. Бұл мемлекеттік бағдарламаның негізі - бір жағынан инвестициялық серіктестік қорларды қолдау еді. Ал бұл кішігірім қаржылық ұйымдар болса жеке салымшыларды біріктерін орта болатын. Кейіннен арнайы заң қабылданып, соның аясында салымшыларды салықтан босатқан еді, сонымен қатар осы инвестициялық серіктестік қорлар арқылы несиеленетін жаңа шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жеңілдіктер қарастырылған.

Франция елінің шағын және орта кәсіпкерлік саласын қолдау бойынша келесі бастама – осы салада жаңадан ашылатын компанияларда басшылық ететін арнайы білімі бар азаматтарды оқыту, және соған арнайы қомақты қаржыны да қарастырған [16].

Лайықты мемлекеттік қолдау арқасында қазіргі таңда Франция мемлекетінің экономикасының 10%-і ірі кәсіпкерлік субъектілерінен, 90%-і соның аясында шоғырланған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен құралған.

#### *Жапония тәжірибесі*

Жапония мемлекетінде шағын және орта кәсіпкерліктің маңыздылығы соңғы жылдары арта бастады. Нарықтың толығымен, сонымен қатар жапондық тұтынушылардың бастапқы сұраныстарының қанағаттандырылуымен жаппай тауарларға деген қызығушылық төмендей түскен. Әмбебап, аз көлемде, тіпті даралай шығатын тауарлар алдыңғы қатарға шыға бастады. Егер тұрғындар киім-кешек алса - онда айналасындағы таныстарында, көршілерінде жоғын іздейді, үй жиһазын алса – арнайы архитектуралық стильге сай, немесе арнайы тапсырыспен жасалғанын алуды қалайды. Сұраныстың осындай әртараптылығына назар аударып, көптеген салалар өкілдері кішігірім өндірістерге бет бұра бастады, және де осы шағын компаниялар ірілерге қарағанда неғұрлым экологиялық бола отырып, сонысымен ұтымдырақ болды.

Дегенмен, нарықтық заманда өз бетімен шағын бизнес субъектілерін аман алып қалу оңай емес. Несие қабілеттілігінің төмендігі, жалақы қорының аздығы, арнайы білімі бар кадр жетіспеушілігі, өндірістік қуаттың шектеулілігі - осының

барлығы шағын және орта кәсіпкерлік нысандарын үнемі күйреу шегінде жұмыс істеуге мәжбүрлейді.

Алайда жапондық үкімет көмекке келмегенде шағын кәсіпкерліктегі жағдай одан да нашарлар ма еді. Жапония шағын және орта кәсіпкерлікті ел экономикасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, елдің экономикалық әлауқатын тікелей осы саланың жағдайымен байланыстырады.

Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік көмек алуан түрлі жолдармен көрсетіледі. Бұл саладағы ең маңызды мәселе - қаржыландыру көздері. Белгілі бір кепілдіктер бойынша несиелер мен субсидиялар беруге дайын қарапайым коммерциялық банктерден басқа, шағын кәсіпорындарға қаржылық қызмет көрсететін үш арнайы мемлекеттік орган құрылды. Олар - Орталық кооперативтік сауда және өнеркәсіп банкі, Мемлекеттік шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру корпорациясы және халықтық қаржы корпорациясы.

Сондай-ақ, Жапонияда кәсіпкерлік субъектілерінің несиелеріне кепілдік беретін және оларды сақтандыру бойынша тиісті мемлекеттік құрылымдар да құрылғаны назар аудартады. Шағын кәсіпкер алған несие өтей алмаған жағдайда, арнайы мемлекеттік корпорация несие берушіге келтірілген залалдың бір бөлігін жабуға дайын [17].

#### *Ресей Федерациясы тәжірибесі*

Ресейде шағын бизнестің қалыптасуы, оның жұмыс істеуі және өмір сүруі Қазақстандағыдай белгілі бір қиындықтармен қатар жүреді. Біріншіден, кәсіпкерлікке ұмтылғандар бастапқы капиталдың жетіспеушілігінен зардап шегеді, ал банктер оларға несие беруден жиі бас тартады, ал несиелеген жағдайдың өзінде өсірілген пайыздық мөлшерлемелермен беріп, кепілдіктер талап етеді.

Жақсы мысал ретінде Ресей Федерациясындағы «**Әлеуметтік келісімшарт**» («*Социальный контракт*») жобасын қарастыруға болады. Бұл жоба аясында аз қамтылған отбасы (азамат-ша) мен әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арасында келісімшарт жасалады. Келісімнің шарты бойынша мемлекет қайтарымысыз қаражат ұсынады, ал көмек алушы сол қаражатқа кішігірім кәсіпорынын ашады немесе соған қажетті құрылғылар сатып алады, соның арқасында қаржылық жағдайын жоғарылату бойынша өзіне міндеттер алады. Сонымен қатар, әрбір өңір өз мүмкіндіктеріне қарай қаржылай көмек көлемін өзі бекітеді. Көмек алушы берілген қаражатты тек бекітілген әлеуметтік бейімдеу бағдарламасы аясында жұмсайды. Осылайша жұмыссыз азаматтарды кәсіпкерлікке баулып, тұрақты табыспен қамтамасыз етеді, және өңір экономикасына оң әсерін тигізеді [18].

Сонымен қатар, еліміздің кейбір өңірлерінде, жас кәсіпкерлердің қаржылық ресурстарының болмау мәселесін шешудің жолы ретінде облыс әкімінің, аудан әкімінің ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға арналған гранттарын беру механизмдері жолға қойылған.

Оның бір мысалы – жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында 2005 жылдан бастап Қарағанды облысының ауылдық жерлерінде өз ісін ашу және әрекет етуші ісін кеңейту мен дамытуға Қарағанды облысы әкімінің гранты бөлінеді.



Сонымен қатар, Абай ауданында жыл сайын «Ауылдағы жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға аудан әкімінің гранты» жобасы да жүзеге асырылуда. Грант берудің ережесіне [19] сәйкес аудан әкімінің ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға арналған гранты тегін болып табылады және Абай ауданының ауылдық жерлерінде тұратын, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынта білдірген, әрекет етуші бизнесін кеңейтуді қалаушы жастар өкілдеріне беріледі. Сондай-ақ, гранттар ереже бойынша қызмет ету саласына қатыстыларға, мал шаруашылығын дамытуға, өсімдік өсіру шаруашылығына беріледі (кесте 1).

Кесте 1 – Қарағанды облысы Абай ауданы әкімінің ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға арналған гранты туралы жалпы мәліметтер

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар	Грантты бөлудегі мақсаттар мен талаптар	Грант сомасы
<p>1) қатысушының жасы 29 жастан аспау қажет;                  2) жобаланған бизнес конкурсқа қатысушының тұратын жерінде және елді жердің аумағында орналасуы керек;                  3) конкурсқа қатысушы сұраныс – хат беруші жақтың берген мәліметтеріне сай дұрыс мінездемеде болу керек</p>	<p>1) Ауыл жастарын еңбекпен қамту.                  2) Ауылда кәсіпкерлік саласын дамыту.                  3) Ауылдық жерлердегі кедейшілікті төмендету.                  4) Жастарға өз құқықтар мен қызығушылықтарын іске асыруда қолдау көрсету</p>	<p>1) Аудандық бюджеттен бөлінген гранттың жалпы сомасы 300 мың теңге.                  2) Берілген сома ағымдағы жылдың бюджетінің мүмкіндігінше өсуі мүмкін.                  3) Грант сомасы бір жобаға 40 мыңнан 100 мыңға дейінгі көлемде көзделуде</p>
Е с к е р т у – [19,20] қайнар көздері негізінде автормен құрылды		

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 288-бабында «**мемлекеттік заттай гранттар**» беру механизмі туралы ақпарат келтіріледі [4]. Аталған механизмді Қазақстан Республикасындағы «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясында кеңінен қолданылады. Мемлекеттік заттай гранттар Қазақстан Республикасының меншігі болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына инвестициялық жобаны іске асыру үшін уақытша өтеусіз пайдалануға беріле отырып, не уақытша өтеусіз жер құқығымен ұсыныла отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз берілетін мүлікті білдіреді. Мемлекеттік заттай гранттарды инвестициялар жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен және (немесе) жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша, инвестициялық келісімшартқа сәйкес инвестициялық міндеттемелер орындалған жағдайда уақытша өтеусіз пайдалануға не уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен ұсына отырып, кейіннен меншікке не жер пайдалануға өтеусіз береді. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшейтін және реттейтін

аспаптар мен құрылғылар, көлік құралдары (жеңіл автокөлікті қоспағанда), өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар берілу қарастырылған. [21]

Бұдан бөлек, аудандағы кәсіпкерлерге, сонымен қатар жаңадан кәсіп ашам деушілерге **қаржылық емес қолдаудың** бір нысаны ретінде аудандық кәсіпкерлік бөлімі Қазақстан Республикасының барлық азаматтары қатыса алатын басқа да республикалық және халықаралық гранттар (кәсіпкерлікке қатысты) және кәсіпкерлікке қатысты білім беретін тегін оқытулар бойынша ақпараттарды жинақтап ұсынушысы ретінде жұмыс жасағаны тиімді болады. Осындай ақпараттық жұмыс арқылы аудандық кәсіпкерлікті дамытуға ынталандыру кеңінен атқарылатыны сөзсіз.

Мысалы, **«Coca-Cola Белестері» жобасы** бүкіл Қазақстан бойынша әйелдерді кәсіпкерлікке тартуға бағытталған және жеңімпаздардың бірінші бизнесті ашу үшін қаржылық көмек алу, пікірлестер мен кураторлар тарапынан қолдау алу мүмкіндігімен бизнес негіздері бойынша оқыту бағдарламасына және ісін жаңа бастаған қазақстандық кәсіпкерлер арасында үздік бизнес-идея конкурсына қатысуды көздейтін өсудің өзіндік сатылары болып табылады [22].

Жоба 2012 жылы "Әлеуметтік динамика" қоғамдық қорының бастамасымен және The Coca-Cola Foundation халықаралық қайырымдылық қорының қолдауымен басталды.

2013 жылдан бастап жобаға серіктес – «Жасыл» экономика және G-Global-ды дамыту Коалициясы» ЗТБ қосылды. Тараптардың күш-жігерін біріктіре отырып, жоба Қазақстанның барлық аудандарындағы жұмыспен қамтылмаған әйелдерді кәсіпкерлікке оқыту бағдарламаларына тарта отырып жұмыс істейді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 50 мыңнан астам әйел оқытылған, конкурсқа қатысуға мындаған өтінім берілген, 97 әйел өзінің алғашқы бизнесін ашуға грант алған.

**Coca-Cola Ісесек Қазақстан Компаниясы** (Кока-Кола Алматы Боттлерс) компаниясы жүзеге асырып жатқан **«321. Старт!» жобасы** республика бойынша жастарды Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен 17 Тұрақты даму мақсаттары аясында кәсіпкерлікті бастауға ынталандырады [23].

Жобаның ұсынатын мүмкіндіктері:

- Bootcamp атты бірегей акселерация бағдарламасынан өту. Оқытудың бұл формасы батыс бизнес-мектептерде кеңінен қолданылады. Оның аясында индустрияда жетістікке жеткен менторлар өмірден алынған жобалар негізінде білім беріп, бизнес-жоспарлау, әлеуметтік кәсіпкерлік, презентация өнері, жеке бренд және SMM салаларындағы тәжірибесімен бөліседі;

- Өз идеяңызды жүзеге асырып, арманыңызды орындауға грант ұтып алу;

- Грант көмегімен идеяңызды жүзеге асыруда да, келешек мансабыңызды құруда да сайыс серіктестерінен менторлық қолдау алу;

- Ел дамуына «өз үлесін» қосқысы келетін ниеттес жолдастар табу.

Тағы бір қазақстандық жастарды кәсіпкерлікке ынталандырып, қаржылай қолдау көрсететін республикалық деңгейдегі жоба **«Startup Bolashaq» байқауы**. Бұл – «Bolashaq» Қауымдастығының бастамасымен 2015 жылдан бері жүзеге асырылып жатқан алғашқы қазақстандық бизнес-идеялар жобасы болып

табылады. Байқау кәсіпкерлердің іскерлік бастамаларын қолдауға бағытталған. Қатысу шарттары: бизнес-идея жұмыс орындарын құруға бағытталған бірегей болуы тиіс, сондай-ақ өтелу мерзімі мен пайдалылығын көрсете отырып, іске асыру тетігінің сипаттамасын қамтуы тиіс. [24]

Сондай-ақ, еліміздің кейбір қазба пайдаланушылары, оның ішінде ірі мұнай компаниялары (Chevron, Shell) да экологиялық бағытта қызмет атқаруға ниетті шағын кәсіпкерлерге қаржылық қолдауларын ұсынады.

Оның бір дәлелі ретінде 2021-2022 жылдары ұйымдастырылған «**Chevron**» компаниясының қолдауымен, «**ITeachMe**» құзыреттіліктерді дамыту орталығы» **Қоғамдық қорының** ұйымдастыруымен өткен «**EcoBusinessLab**» жобасын келтіруге болады. Жоба аясында Қазақстан Республикасы бойынша ұсыныстар қабылданып 1-ші кезеңге 40 қатысушы іріктелген болатын. Кейін барлық 40 қатысушыны Нұр-Сұлтан қаласында жинап 4-күндік оффлайн лагерьде бизнес және экология бойынша дәрістер өткізіп, кіріспе сабақтарын жүргізді. Кейін 2 апта көлемінде «Astana hub» цифрлық технопарк жүйесінде стартап бойынша онлайн білім алған, 2 ай көлемінде арнайы бизнес-трекермен және эко-трекермен онлайн кездесіп жобаларын пысықтауға көмек көрсеткен, арасында қосымша құзыреттіліктерді дамытуға қатысты қонақ дәрістерін өткізген. Нәтижесінде, жоба жеңімпаздарына 150, 250, 350 мың теңге көлеміндегі заттай гранттар берілген. Барлық қатысушыларға тегін тамақтану ұйымдастырылып, басқа өңірлерден келгендерге жол шығындары өтеліп, тегін қонақ үй ұсынылған. Жоба 2022-ші жылы да жалғасын табады деп хабарлануда. [25]

Келесі республикалық жоба мысалы, «**Сәби**» **Қорының «Өз кәсібінді баста»** атты жас кәсіпкерлерді қолдау жобасы. Жыл сайынғы «Өз бизнесінді баста» байқауы жұмыс істеп тұрған бизнесті дамытуға немесе жаңасын құруға бағытталған. Конкурса қатысушы болу үшін қатысушы жобасы неліктен оны одан әрі дамыту мен іске асыруға арналған грантқа лайықты екендігі туралы бейне түсіріп, содан кейін сайтта өтінім толтыру қажет. [26]

Халықаралық жобалардың мысалы – Британдық Кеңестің ұйымдастыруымен өтетін «**Big Idea Challenge**» жобасы. Big Idea Challenge бейне-презентациялар конкурсы бағдарламаға қатысушы елдердегі жас адамдарға инновациялық стартап әзірлеп, ол туралы бүкіл әлемге айтып беруді ұсынады [27].

Қазақстан мен Қырғызстаннан келген 24 жас кәсіпкерлер командасы Big Idea Challenge 2021 сайысында бақ сынасты. Жеңімпаздар 600-ден астам қатысушы командалармен қатаң және қызу күрес нәтижесінде таңдалды, 84000 адам ұнаған идеяларға дауыс берді. Бұл жаңа бизнес идеялар климаттың өзгеруіне, әлеуметтік әсерге, сандық және шығармашылық ортаға қатысты.

Сонымен қатар, дүниежүзілік пандемияның бірқатар теріс әсерлері болғанымен, оң әсері ретінде – онлайн білім алу мүмкіндігі кеңейе түсті, оның ішінде кәсіпкерлік бастамаларға қатысты білім беру платформалары көбейді.

Қазақстандық платформалар арасында «Атамекен» ҰКП-ның «Бастау Бизнес» жобасы аясында оқыту мақсатында іске қосқан «**Atameken academy**»

жобасын атап өтуге болады. Жүйеде бірнеше қазақстандық кейстер талданып, видео форматында лекциялар жүргізіледі, түрлі бизнес салаларымен таныстырылады [28].

Сонымен қатар, егер де мемлекеттік қолдау шаралары мемлекет тарапынан ұсынылған жағдайда, бұл мүмкіндіктің игілігін барлық кәсіпкерлік субъектілері сезіну қажет, бұл демократиялық елдің көрінісі деген де ой пайда болуы мүмкін. Әлеуетті бағыттар тізіміне кірмеген кәсіпкерлер дискриминацияға ұшырайды деген сөз қозғалуы мүмкін. Иә, алайда бұл жәй дискриминация емес, бұл механизм «оң дискриминация» деп аталады. Яғни, экономиканың дұрыс бағытта өсуін қамтамасыз ету үшін кейбір қажетті салаларға басымдық беру тетігі.

Жоғарыда көрсетілген елдердің шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша тәжірибелерін зерттей отырып, елдің экономикалық дамуына әкелетін салаға мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі жоғары екені байқалады.

Қазақстан Республикасының стратегиялық дамуын айқындайтын «Қазақстан-2025» стратегиялық құжатының «Жеке бизнестің өсуін ынталандыру» басымдығы аясында экономика өсуінің жаңа моделі шеңберінде «елде бизнес жүргізу жағдайларын одан әрі жақсарту, қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру қажет» делінген [29].

2021 жылдың тамыз айында өткен Үкімет отырысында Ұлттық экономика экс-министрі Ә.Ерғалиев бүкіл әлемді жаулаған пандемия жағдайында кәсіпкерлер үшін жалғасып жатқан шектеулер кезінде шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау өзектілігі жоғарылап жатқанын жеткізген. Сол себепті, 2021 жылы Ұлттық банктің айналым капиталын толықтыруға жеңілдікпен кредит беру бағдарламалары, сондай-ақ жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті жеңілдікпен кредиттеу бойынша жұмыстар жүргізілуде [30].

«Қазақстан-2050» стратегиясындағы міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасы аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бойынша бірнеше мемлекеттік бағдарламалар және ұлттық жобалар іске асырылды және іске асырылды. Олардың қатарында: «Бизнестің жол картасы-2025» («Қарапайым заттар экономикасы» ішкі бағдарламасы) [31], «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» [32]. Сонымен қатар, қазіргі таңда «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» [33] жұмысын бастады.

«Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының логикалық жалғасы болып келеді.

Бағдарлама 4 бағытты қамтыды:

- Моноқала, шағын қала және ауылдық елді мекендердегі кәсіпкерлердің жаңа бизнес бастамаларын қолдау;

- Экономиканың басым секторларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді салалық қолдау;

- Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету;

- Кәсіпкерлерді қаржылай емес қолдау шаралары.

«Бизнестің жол картасы-2025» («Қарапайым заттар экономикасы» ішкі бағдарламасы) мемлекеттік бағдарламасы аясында:

- кәсіпкерлік субъектілеріне төмен процентті несиелер арқылы қолдау шаралары қарастырылған;

- инфрақұрылым тарту бойынша шаралар қарастырылған;

- төмен процентті несиелер, субсидиялар және кепілдемелер қарастырылған;

- айналым капиталын толықтыруды қаржыландыру біршамаға кеңейтіліп, кредиттер сомасы көбейген;

- микро және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қолжетімді микрокредит беру іске қосылған.

Жалпы, соңғы үш жылдағы республика өңірлері шеңберіндегі шағын және орта кәсіпкерліктің көрсеткіштері 1-кестеде талданған (кесте 2):

Кесте 2 – ШОК бойынша республикалық көрсеткіштер

Өңірлер	Жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының саны,бірлік			ШОК жұмыспен қамтылғандар саны, адам			ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы, млн.теңге		
	2018	2019	2020	2018	2019	2020	2018	2019	2020
Қазақстан Республикасы	233 945	260 867	282 686	331 2457	3448727	3472606	26473049	32386960	33626992
Ақмола	7 188	7 817	8 268	133 231	132 057	131 890	785 649	820 938	947 790
Ақтөбе	9 961	10 909	11 508	141 358	153 241	159 300	894 930	960 216	1 084 677
Алматы	10 408	11 902	12 898	252 095	262 355	268 134	1 367 731	1 589 167	1 844 563

2-кестенің жалғасы

Атырау	7 151	7 897	8 177	136 144	140 178	141 791	2 385 604	3 177 603	2 119 471
БҚО	5 916	6 348	6 399	114 990	120 559	108 029	1 510 142	1 628 569	1 281 945
Жамбыл	5 970	6 567	7 348	119	127	127	479	520	744

				540	419	522	542	445	481
Қарағанды	17 303	18 184	19 158	237 446	244 117	253 252	1 333 266	1 436 327	1 741 065
Қостанай	7 427	8 095	8 528	159 827	160 764	162 532	908 634	1 202 082	1 355 498
Қызылорда	5 253	5 596	5 795	92 758	95 506	98 770	380 617	435 276	397 732
Маңғыстау	8 414	9 042	9 722	122 810	122 897	126 025	943 258	1 209 395	1 346 789
Павлодар	9 309	10 103	10 853	133 615	138 365	134 124	745 716	898 494	922 850
СҚО	5 101	5 471	5 844	105 062	107 534	107 008	570 829	647 121	776 754
Түркістан	7 134	8 370	9 154	203 761	216 540	216 896	532 055	746 861	891 789
ШҚО	10 989	11 830	12 451	231 733	234 379	236 894	1 037 218	1 262 375	1 437 719
Нұр-Сұлтан қ.	41 138	47 622	52 355	374 559	387 879	398 158	4 886 210	6 460 201	6 634 641
Алматы қ.	62 985	70 767	78 233	609 168	645 586	634 460	6 870 957	8 333 733	9 033 186
Шымкент қ.	12 298	14 347	15 995	144 360	159 351	167 821	840 691	1 058 157	1 066 042
Ескерту – кесте автормен «Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік» статистикалық жинағы негізінде құрылған.[34]									

2-кесте мәліметтерінен талданып отырған жылдары Қазақстанда және оның өңірлерінде жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпорындарының саны оң динамикаға ие болған. ШОК жұмыспен қамтылғандар санына қатысты жалпы ел шеңберінде өсім байқалғанымен, Ақмола, БҚО, Павлодар, СҚО, Алматы қаласы сияқты өңірлер біршама төмендеу қарқынына ие болған; ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымына жасалған талдау Атырау, БҚО, Қызылорда облыстары бойынша көрсеткіштің біршама төмендегенін көрсетеді. Жалпы ел шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, оның ішінде Covid-19 пандемия салдарын алдын алу үшін ШОК қолдауға бірқатар шаралар жасалғанына қарамастан, кейбір өңірлерде көрсеткіштердің біршама төмендеуіне орын алды.

Енді жобадағы талдау объектісі Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болғандықтан, аталған өңірдегі көрсеткіштерге тоқталайық.

Әйтеке би ауданы – Ақтөбе облысының солтүстік-шығысында орналасқан ірі аграрлы аудан. Егіншілік пен мал шаруашылығы дамуда. Көптеген ауылдар 60-жылдары тың игеру кезінде қоныс аудару нәтижесінде пайда болды. Бұл аймақтағы осы саланың дамуына тарихи әсер етті. Аудан аумағында өсірілген

бидай "Жайылхан" ЖШС элеваторы арқылы Таяу Шығыс елдеріне (Иран, Ауғанстан және т.б.) экспортталады.

Аудан аумағы арқылы халықаралық автомагистральдар – Самара-Шымкент, Ақтөбе-Нұр-Сұлтан, сондай-ақ темір жол (Никельтау-Әйтеке би- Алтынсарино) дистанциясы өтеді. Аудан көлемінің кеңдігін, сондай-ақ көлік әлеуетін ескере отырып, көліктік-логистикалық бизнес бағыттарды дамыту мүмкіндіктері бар. Себебі, күн сайын Самара-Шымкент тасжолынан бірнеше жүздеген ауыр жүк көлігі өтеді.

Сонымен қатар, суармалы жерлердің көлемін ұлғайта отырып, болашақта маринадталған және басқа да нысандарда көкөністерді консервілеу бизнесін дамыту мақсатында жылыжай, сондай-ақ егістік бақша шаруашылықтарын, картоп және басқа да көкөністерді, сондай-ақ жоңышқа мен беде сияқты жемшөп дақылдарын өсіруге мүмкіндік бар.

2020 жылғы ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштеріне жасалған талдау келесіні көрсетті (кесте 3):

Кесте 3 – Ақтөбе облысында ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштері

Өңірлер	Жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының саны, бірлік			ШОК жұмыспен қамтылғандар саны, адам			ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы, млн.теңге		
	2018	2019	2020	2018	2019	2020	2018	2019	2020
Ақтөбе облысы	54 430	59 116	61 797	14135 8	15324 1	15930 0	89493 0	96021 6	108467 7
Ақтөбе қаласы	36 260	39 587	40 755	10530 8	11307 0	11974 4	71160 2	76016 3	875881
Алға	1 791	1 931	2 121	3 859	4 115	5 048	28 681	31 257	32 899
Әйтеке би	1 075	1 120	1 175	2 144	2 225	2 072	14 374	14 275	17 539
Байғанин	1 060	1 232	1 349	1 636	1 911	1 943	4 768	10 935	5 771

3-кестенің жалғасы

Қарғалы	965	1 016	1 082	2 287	2 407	2 371	9 696	13 431	17 005
Қобда	1 118	1 175	1 314	1 725	1 917	2 020	4 977	5 505	6 108
Мәртөк	1 675	1 857	1 955	3 638	4 091	4 022	12	20	22 486

							664	737	
Мұғалжар	2 908	3 200	3 493	5 978	6 230	6 884	23 536	16 326	19 034
Ойыл	784	865	923	1 101	1 262	1 312	3 561	4 382	5 337
Темір	1 745	1 978	2 206	3 799	3 868	4 027	15 076	13 048	12 584
Хромтау	2 478	2 353	2 507	5 077	6 689	5 077	43 556	43 636	47 616
Шалқар	1 922	2 047	2 150	3 599	4 125	3 572	19 181	22 790	17 950
Ырғыз	649	755	767	1 208	1 331	1 208	3 258	3 731	4 467
Ескерту – кесте автормен «Ақтөбе облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік» статистикалық жинағы негізінде құрылған [35]									

Жасалған талдаудан Ақтөбе облысында жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының санының барлық өңірлер бойынша оң динамикаға, ШОК жұмыспен қамтылғандар 2019 жылмен салыстырғанда 2020 жылы Әйтеке би, қарғалы, Мәртөк, Шалқар, Ырғыз аудандарында біршама төмендегенін, ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымында жалпы облыста өсім болғанымен, Байғанин, Темір, Шалқар аудандарында біршама төмендегенін байқауға болады.

Әйтеке би ауданы көрсеткіштерінің облыстық көрсеткіштердегі үлесі келесідей:

- жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының саны – 1,9%;
- ШОК жұмыспен қамтылғандар саны – 1,3%;
- ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы – 1,6%.

Байқап отырғанымыздай, Әйтеке би ауданының облыстық үлестің шамамен 2%-ға жуығын ғана құрап отыр.

Жалпы ауданда жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының саны 2020 жылы 1175 бірлікті құраса, оның ішінде басым үлеске шаруа қожалықтары (587 бірлік немесе 50%), дара кәсіпкерлер (522 бірлік немесе 44%) ие болып отыр, ал шағын кәсіпкерлік үлесі тек 6% ғана құрап отыр, оның үстіне 2019 жылмен салыстырғанда 2 бірлікке қысқарған (кесте 4):

Кесте 4 – Әйтеке би ауданында ШОК субъектілері қызметінің көрсеткіштері

Жылдар	Жұмыс істеп тұрған ШОК кәсіпорындарының саны, бірлік				
	Барлығы, оның ішінде:	Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	Дара кәсіпкерлер	Шаруа немесе фермер қожалықтары



2018	1 075	58	-	542	434
2019	1120	67	-	517	535
2020	1175	65	-	522	587
ШОК жұмыспен қамтылғандар саны, адам					
2018	2144	490	-	807	698
2019	2225	570	-	744	786
2020	2072	417	118	744	793
ШОК барлық субъектілерінің өнім шығарылымы, млн.теңге					
2018	14 374	3295	476	517	10 086
2019	14 275	3627	919	542	9 187
2020	17 539	2836	264	829	13 610
Ескерту - кесте автормен «Ақтөбе облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік» статистикалық жинағы негізінде құрылған [35]					

ШОК жұмыспен қамтылғандар санында да дара кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары оң қарқын көрсетсе, ал шағын кәсіпкерлік 2019 жылмен салыстырғанда 153 адамға қысқарған; өндірілген өнім көлемінде де өзге кәсіпкерлік түрлері оң қарқын көрсетсе, шағын кәсіпкерлік 791 млн.теңгеге төмендеген.

Аудан көлемінде кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бойынша негізгі қызметті атқаратын мемлекеттік орган – «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Бөлімінің негізгі функцияларына келесілерді жатқызуға болады:

1) аумақта кәсіпкерлік қызмет пен инвестициялық ахуалды дамыту үшін жағдай жасау;

2) кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласында аймақтық бағдарламаларды үйлестіру, әзірлеу және орындауды жүзеге асыру;

3) мүдделі жергілікті мемлекеттік органдармен бірге шағын және орта бизнес субъектілерін әртүрлі мемлекеттік тапсырыстар мен бағдарламаларды орындауға тарту тәртібін анықтауға қатынасу;

4) ауданның кәсіпкерлікті дамыту қызметтеріне талдау, болжау және мониторинг жүргізу;

5) ауданның кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бағдарламасы, индустриалды-инновациялық даму, сауда қызметтері бойынша заңнамалық және нормативтік актілер жобасына ұсыныстар дайындауға қатынасу;

6) кәсіпкерлікті қолдаудың аймақтық инфрақұрылымдарын қалыптастыруға және дамытуға ықпал ету;

7) шағын кәсіпкерлік субъектілерінің басымды жобаларын іріктеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу және өзгелері [36].

Ауданда кәсіпкерлікті дамытудың арнайы бағдарламасы болмағанымен, сала көрсеткіштерінің басым бөлігі Әйтеке би ауданының 2016-2020 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасында орын алды. 5-кестеде ауданның аумақты дамыту бағдарламасының 2018-2020 жылдардағы кәсіпкерлікті дамытуға қатысты көрсеткіштерінің орындалу барысы талданған (кесте 5):

Кесте 5 – Әйтеке би ауданында аумақты дамыту бағдарламасының 2018-2020 жылдардағы кәсіпкерлікті дамытуға қатысты көрсеткіштерінің орындалуын талдау

Жыл	Индикаторлары	Жоспар	Орындалуы
2018	Тіркелген жалпы көлемдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі – <b>95,9%</b>	95,9%	<b>Орындалды - 96,2%</b>
	"Бизнес жол картасы 2020", "Бизнес кеңесші", бағдарламаларын жүзеге асыру	215,7	<b>Орындалды - 215,7</b>
	«Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету		
	Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі	108,5	<b>Орындалды - 108,7</b>
	Көтерме сауданың нақты көлемінің индексі		
2019	Тіркелген жалпы көлемдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі – <b>95,9%</b>	95,9	<b>Орындалды - 96,2</b>
	ШОБ субъектілерімен өндірілген өнімнің өсу қарқыны		
	«Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету	10	<b>Орындалды – 11</b>
	Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі	108,5	<b>Орындалмады - 103,5</b>
	Көтерме сауданың нақты көлемінің индексі	50,0	<b>Орындалды - 63,5</b>

5-кестенің жалғасы

2020	Тіркелген жалпы көлемдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі		
	ШОБ субъектілерімен өндірілген өнімнің өсу қарқыны	100,1%	<b>Орындалмады - 99,6%</b>

	«Қарапайым заттар экономикасы» жеңілдетілген несиелеу бағдарламасы аясында жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету	5	<b>Орындалды – 9</b>
	Бөлшек сауданың нақты көлемінің индексі	100,0%	<b>Орындалды - 168,8%</b>
	Көтерме сауданың нақты көлемінің индексі	119,7%	<b>Орындалды - 278,4%</b>
Ескертпе: кесте автормен Әйтеке би ауданы әкімдігі сайтындағы 2016-2020 жж. аумақты дамыту бағдарламасының орындалуы бойынша мәліметтер негізінде құрастырылған			

Жоспарланған көрсеткіштердің басым бөлігінің орындалуына қарамастан, орындалмаған да көрсеткіштердің орын алғанын атап өтуге болады. Бұл көрсеткіштерді жоспарлаудағы кемшіліктерді көрсетеді.

«Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасына аудандық кәсіпкерлік бөлімі қатысуға ниет білдірушілердің құжаттарын жинақтап, толықтырып, нақтылап, кейін облыстық комиссияға қарауға жолдайды. Жоба шеңберінде жасалған талдау, шағын кәсіпкерлік субъектілері және кәсіпкерлікті енді бастағалы жатқан тұлғалар, әсіресе аудандық және ауылдық деңгейдегі, жылма жыл несие рәсімдеуде көптеген қиындықтарға тап болатынын анықтауға мүмкіндік берді. Олардың негізгілері:

- қажетті кепілдемелерінің болмауы немесе жетіспеуі;
- құжаттардың көптігі немесе әкімшілік кедергілер (жер учаскелеріне қолжетімділіктің күрделілігі, әртүрлі рұқсаттарды алудың ұзақтығы, инженерлік желілерге қосылудың күрделілігі және ұзақтығы және т.б.).

Өңірлер бөлінісінде жағдай мынадай: банктердің шағын бизнеске берген барлық кредиттерінің 72%-ға жуығы небәрі үш өңірге тиесілі: Алматы (50,4%), Нұр-Сұлтан (17,2%) және Шымкент (4,2%). Қалған өңірлерде үлес 4%-ға да жеткен жоқ. Ең төмен көрсеткіш Түркістан (0,5%), Солтүстік Қазақстан (1,3%) және Қызылорда (1,4%) облыстарында байқалады. Яғни, ең көп кредиттік ресурстар үш ірі қалаларға тиесілі, ал қалған өңірлердің шағын бизнесі банктік қолдаусыз қалады (даму институттары мен мемлекеттік бағдарламалардың өзге де орындаушылары секторға ҚР ЕДБ-мен ынтымақтастық арқылы жіберетін қолдаусыз да) [37].

Бұл жағдайда мақұлдау деңгейі айтарлықтай төмендеді. Егер 2018-2019 жылдары шағын бизнес үшін мақұлданған кредиттердің үлесі 57,1%-ды және 66,5%-ды құраса, 2020 жылы ол 36,6%-ға дейін, ал 2021 жылы 31,7%-ға дейін төмендеді. Салыстыру үшін: 2021 жылы ірі және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мақұлдау деңгейі тиісінше 44,8% және 54%-ды құрады. Сонымен қатар, келіп түсетін өтінімнің орташа мөлшері айтарлықтай төмендеді: мәселен, тоқсан ішінде сома 3 еседен астамға, 2021 жылғы төртінші тоқсанда 6,7 млн. теңгеге дейін қысқарды [3].

ҚР ҰБ сауалнамасының деректері бойынша шағын бизнеске қарыз беруді мақұлдаудың салыстырмалы төмен деңгейінің себебі шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді бағалаудың скорингтік жүйесін пайдаланудың таралуы болып табылады. Бұдан басқа, жеңілдікті кредит беру бағдарламалары шеңберінде

инвестициялық жобаларға бөлінетін көлемдерді банктер жиі толық көлемде игермейді.

Мемлекеттік бағдарламалар аясында, оның ішінде «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында көрсетілетін қаржылық қолдаулардың бір нысаны – «несиелеуге» қатысты ауылдық елді мекен тұрғындары тарапынан көп қиындықтарға тап болатынын жоғарыда атап өтілген болатын (басты себебі – кепілдеменің сапасыздығы), сондықтан қаржылық қолдаудың келесі тетігі – «грант беру» нысанын шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың, әсіресе ауылдық кәсіпкерлікті, үлкен мүмкіндігі ретінде зерттеу жұмысында қарастырылады.

«Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында, әсіресе пандемия жағдайында облыстағы, оның ішінде аудандардағы кәсіпкерлікті қолдау аясында келесідей көмек көрсетілген болатын (кесте 6):

Байқап отырсақ, 2020 жылы аталған бағдарлама аясында Әйтеке би ауданында ШОК қолдауға қосымша қаражат бөлініп, жоспарлы 53 жобаның орнына 79 жобаға қолдау көрсетілген. Бағдарлама аясында 6,5 млн. теңгеге дейінгі мөлшерде берілген мемлекеттік гранттар мынадай мақсаттар бойынша қарастырылған:

- тауарларды шығару немесе қызметтерді көрсету үшін қажетті негізгі құралдарды, шикізат пен материалдарды сатып алу;
- материалдық емес активтерді сатып алу;
- технологияны сатып алу;
- кешенді кәсіпкерлік лицензияға (франчайзинг) құқықтарды сатып алу;
- зерттеу жұмыстарына және/немесе жаңа технологияларды енгізуге байланысты шығыстар.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған келесі бағдарлама - «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аясындағы «Бизнес бастау» механизмі. Яғни, жұмыссыз азаматтарды, аз қамтылған азаматтарды, сонымен қатар, кәсібін бастаған алайда мемлекеттік бағдарламаларға қатыспаған және қолдауды қажет ететін шағын кәсіпкерлік субъектілерді аудандық атқарушы органдар және «Атамекен» ҰКП аудандық филиалдары бағдарлама аясында «Бизнес бастау» жобасы бойынша оқуға қатысуға, сонымен қатар 200 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз грант иегеленіп, жұмысын жандандыруға мүмкіндіктер бере алады.

Кесте 6 – Ақтөбе облысы бойынша «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасының 2021 жылға есебі


№	Аудан атауы	Жоспар	Нақты	Орындалуы, %	Құралдардың атауы								
					Субсидиялау		Кепілдеме			Инфрақұрылым		Гранттар	
					Саны	Кредит сомасы	Саны	Кредит сомасы	Кепілдеме сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
<b>ЖАЛПЫ:</b>		<b>2200</b>	<b>4030</b>	<b>183,2</b>	<b>2065</b>	<b>43437,4</b>	<b>1907</b>	<b>25300,3</b>	<b>15129,9</b>	<b>22</b>	<b>819</b>	<b>36</b>	<b>140</b>
1	Ақтөбе қ	1433	3035	211,8	1594	38843,4	1431	21839,4	12986	2	111,6	8	29,7
2	Мәртөк	54	87	161,1	41	246,2	42	202,8	162,1	2	58,8	2	8,5
3	Шалқар	71	113	159,2	51	1487,3	59	368,4	258,4			3	8,8
4	Ырғыз	35	53	151,4	25	61,4	25	418,4	281,8	1	49,7	2	7,7
5	Мұғалжар	119	177	148,7	91	432,6	84	415,4	275,6	1	21,4	1	3,5
6	Әйтеке би	53	79	149,1	39	164,5	34	119,6	101,7	4	142,2	2	6,5
7	Қарғалы	42	61	145,2	26	456	29	180,7	133,8	2	78,4	4	17,7
8	Ойыл	32	39	121,9	19	100,7	17	46,2	39,3	1	9	2	7
9	Қобда	49	55	112,2	26	106,3	25	84,2	66	2	63,6	2	6,5
10	Хромтау	118	128	108,5	59	842,2	67	1000,5	373,9			2	8
11	Алға	84	89	106	41	458,2	40	334,7	226,7	5	223,1	3	12,6
12	Темір	60	63	105	30	116,5	29	157,5	119,8	2	61,2	2	9,5
13	Байғанин	50	51	102	23	122,1	25	132,5	104,8			3	14
<b>Жалпы:</b>		<b>2200</b>	<b>4030</b>		<b>2065</b>	<b>43 437,40</b>	<b>1907</b>	<b>25 300,30</b>	<b>15 129,90</b>	<b>22</b>	<b>819</b>	<b>36</b>	<b>140</b>
<b>Аудандар</b>		<b>142</b>	<b>995</b>		<b>471</b>	<b>4 594,00</b>	<b>476</b>	<b>3 460,90</b>	<b>2 143,90</b>	<b>20</b>	<b>707,4</b>	<b>28</b>	<b>110,3</b>
<b>Аудандар үлесі, %</b>		<b>40,7</b>	<b>24,7</b>		<b>22,8</b>	<b>10,6</b>	<b>25</b>	<b>13,7</b>	<b>14,2</b>	<b>90,9</b>	<b>86,4</b>	<b>77,8</b>	<b>78,8</b>

Ескертпе: Кесте автормен «Ақтөбе облысында кәсіпкерліктің дамуы туралы, Ақтөбе қ., 2021» атты облыс әкімдігінің есебі негізінде құрылған [38]

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 23 тамыздағы №513 Қаулысына сәйкес жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар нысанындағы қолдау шараларын қаржыландыру республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылады [39].

Сонымен қатар, мемлекеттік гранттар қаражаты қажетті мүкәммалды, еңбек құралдарын, технологиялық жабдықтарды, жануарларды, малды, құстарды, көшеттерді, бұталарды, тұқымдарды, өсімдіктерді, коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілері, сондай-ақ сауда объектілері, оның ішінде жалға алу, пайдалану, сенімгерлік басқару құқығындағы объектілер аумағында бағдарламаға қатысушының бизнес-жобасын іске асыру үшін ғимараттарды жалға алу ақысы ретінде нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылады.

Аталған бағдарлама шеңберінде Әйтеке би ауданында республикалық және жергілікті бюджет есебінен бөлінген қаражаттарды қоса есептегенде, 1-суретке сәйкес 2020 жылы 91 адамға 50,1 млн теңге көлемінде, 2019 жылы 59 адамға 27,7 млн теңге көлемінде қайтарымсыз грант берілген (сурет 1) [40].




1-сурет – «Еңбек» бағдарламасы аясында Әйтеке би ауданында бөленген грант қаражаты (РБ+ЖБ)

*Ескертпе: Диаграмма автормен «Әйтеке би ауданы әкімінің 2021 жылға есебі және 2022 жылға міндеттері» атты құжаты негізінде құрастырылған [40].*

Әйтеке би ауданы әкімдігінің есебі бойынша, 2-суретке сәйкес жоғарыда аталған бағдарлама аясында 2018 жылы 3 адам грант ұтып алып 3 жеке кәсіпкерлік ашқан, қазіргі уақытта 1 адам жұмысын жалғастырып жатыр; 2019 жылы 59 адам грант ұтып алып, 59 адам өз кәсіптерін бастаған, қазіргі уақытта 36 адам жұмысын жалғастырып жатыр; 2020 жылы 91 адам грант ұтып алып 91 адам өз кәсібін ашқан, қазіргі уақытта 86 адам жұмысын жалғастыруда; 2021 жылы 123 адам грант ұтып алып, 113 адам кәсіптерін бастаған (сурет 2). 2020 жылғы

ауданда жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлер үлесінен бұл 17%-ға жуығын құрайды.



2-сурет – 2018-2020 жж. грант алушылардың ашқан дара кәсіпкерлік (ДК) саны  
 Ескертпе: Диаграмма «Әйтеке би ауданы әкімінің 2021 жылға есебі және 2022 жылға міндеттері» атты құжаты негізінде құрастырылған [40]

Жоғарыда айтылғандай, гранттар жергілікті бюджет есебінен де берілгендіктен, аталмыш бюджет түріне жасалған талдау келесіні көрсетті. Мысалы, 2020 жылы 30 кәсіпкерге 200 АЕК көлемінде грант беру мақсатында 16,6 млн теңге бөлінсе, 2021 жылы 50 кәсіпкерге 200 АЕК көлемінде грант беру мақсатында 29,170 млн теңге қаражат бөлініп, толығымен игерілген. 2021 жылы аталған грант алушылар арасында өз ісін бастағандар саны – 38, және де олардың көбісі дайындаған бизнес-жоспарларында берілетін 583400 теңге қаражатына ірі қара мал немесе қой-ешкі алып асырау деп көрсетілген. Және осындай үрдіс 2020 жылы және алдыңғы жылдары да сақталған (сурет 3) [41].



3-сурет – 2020 жылы бөлінген грант қаражатының салалық бөлінісі  
 Ескертпе: Диаграмма «Әйтеке би ауданы әкімінің 2021 жылға есебі және 2022 жылға міндеттері» атты құжаты негізінде құрастырылған [40]

Сонымен қатар, грант иегерлерімен анонимді түрде жасалған құрылымданбаған терең сұхбат аясында бірқатар грант алушылар берілген қаражатты мақсатсыз пайдаланып, басқа қажеттіліктеріне жаратқаны анықталды. Аталған олқылыққа атқарушы органдар тарапынан бақылаудың дұрыс деңгейде жасалмауы себеп болған.

Осы жұмыста келтірілген халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, мемлекеттегі шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, әсіресе жаңадан ашылған нысандарға қаржылық қолдау көрсету аса маңызды. Сондай-ақ, қайтарымсыз гранттар беру аясында кейбір проценті нәтижесіз болғанның өзінде жалпы тиімділік көрінеді. Елдің тарихи болмысын, өңірдің ауыл шаруашылық бағытына икемділігін ескеретін болсақ, мемлекеттік бағдарламаға қатысушылардың көбісі үйреншікті бағытты таңдау заңдылық. Сондықтан, атқарылып жатқан жұмыстар жалпы тиімсіз, немесе жалпы нәтижесіз деп айтуға келмейді. Алайда, осы бағыттағы жұмыстарды неғұрлым тиімдірек етуге қосымша мүмкіндіктер қарастырылғаны абзал.

Осы мақсатта, мемлекеттік қолдау шаралары, оның ішінде қаржылай қолдау шаралары мемлекеттік қаржы есебінен жүргізілетіндіктен, өңірлік деңгейдегі мемлекеттік орган даму бағытын өзі айқындаған абзал. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бойынша әлеуетті бағыттар айқындалуы тиіс. Осы орайда Әйтеке би ауданында ШОК дамуына SWOT-талдау жасалды (кесте 6).

Кесте 6 – Әйтеке би ауданында ШОК дамуына SWOT-талдау

<i>Мықты тұстары</i>	<i>Әлсіз тұстары</i>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Әйтеке би ауданы Ақтөбе облысының солтүстік - шығыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Ресей Федерациясының Орынбор облысымен, солтүстік - шығысында Қостанай облысымен, оңтүстігінде және батысында Ақтөбе облысының Ырғыз, Шалқар, Мұғалжар және Хромтау аудандарымен шектеседі;</li> <li>- Негізгі өндірістік бағыт өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы;</li> <li>- Темір жол және автомобиль магистральдарының қиылысында орналасқан ауданның бірегей географиялық орналасуы, жоғары транзиттік әлеуеті;</li> <li>- Бай минералдық-шикізат базасының болуы;</li> <li>- Суармалы егіншілікті дамыту үшін су ресурстарының болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аудан бойынша 9 елді мекен орталықтандырылған ауыз су жүйесімен, 18 елді мекен газбен қамтылмаған;</li> <li>- Қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 36,8% немесе 152,8 км құрайды;</li> <li>- Аудан облыс орталығынан алыс орналасқан. Аудан орталығы мен облыс орталығы арасы – 320 км;</li> <li>- Кәсіпкерлерге несиелуге кепілдеме сапасының төмендігі;</li> <li>- Халық санының аздығы</li> </ul>



6-кестенің жалғасы

<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіп-қатері</i>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шикізат әлеуетін ескере отырып, өңдеу өнеркәсібінде қосылған құны жоғары өндірістік қуаттарды жаңғырту, кеңейту және жаңа салу;</li> <li>- Өңдеу өнеркәсібін жедел дамыту және осы салаға инвестициялар тарту;</li> <li>- Қалдықтарды қайта өңдеуді енгізу және қалдықсыз өндірісті дамыту;</li> <li>- Аудан жерінің құнарлы қара топырағы болғандықтан, егіс алқаптарын ұлғайтудың үлкен мүмкіндігі бар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аудан Ресей Федерациясымен шектесуі сырттан жергілікті тауарларға қарағанда арзан тауар экспорттау қауіпі бар;</li> <li>- Қыс мезгілінде ауа-райының қолайсыз болу қауіпі</li> </ul>
<p>Ескерту: кесте автормен «Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының 2020-2025 жылдарға арналған аумақты дамыту бағдарламасы» құжаты негізінде құрастырылған [42]</p>	


SWOT-талдау негізінде мықты тұстары мен мүмкіндіктерін іске асыру мақсатында, сонымен қатар өңірдің жоғарыда келтірілген ерекшеліктерін ескере отырып, Әйтеке би ауданында келесідей кәсіпкерлік бағыттары мемлекеттік қолдауды талап етеді деп есептеуге болады:

- Ет өнімдерін өндіру;
- Сүт өнімдерін өндіру;
- Жарлытай фабрикаттарды өндіру;
- Шағын құс фермалары;
- Сүтті жинап сату;
- Консервіленген ет/ көкөністер өндіру;
- Және тағы да басқа осы секілді өндіріс/қызмет түрлері, егер аудан тұрғындарының тұрмыс жағдайына, азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне, имиджіне оң әсер ететін болса.

### Сауалнама нәтижелері

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы төңірегінде шағын және орта кәсіпкерлікті бастап жүргізуге қатысты жай-күйді анықтау мақсатында жергілікті тұрғындар арасында сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнама «Google forms» арқылы онлайн түрде жүргізілді.


4-суретке сәйкес, «Ауданда бизнесті бастау қаншалықты қиын деп ойлайсыз?» деген сұраққа жауап берушілердің 56%-ы «Оңай емес, алайда мүмкіндіктер бар» - деп жауап беріпті (сурет 4).



4-сурет – Ауданда бизнесті бастау қаншалықты қиын деп ойлайсыз?

Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды

5-суретке сәйкес, «Сіз бизнесті дамыту үшін бөлінетін гранттар мен микрокредиттер туралы білесіз бе» деген сұраққа респонденттердің 53%-ы - «Иә, білемін, бірақ ешқашан қатысып көрмедім» - деп жауап берсе, 6%-ы - «Грант иегері атандым» деп жауап беріпті, және 6%-ы – «Конкурсқа қатысып көрдім, бірақ еш нәтижесіз» - деп жауап қайтарған. Ең қызықтысы, жауап берушілердің 18%-ы – «Гранттар мен микрокредиттер тек таныстар арқылы беріледі» - депті. Демек, сенім деңгейінің өте төменділігін көрсетіп тұр (сурет 5).



5-сурет – Сіз бизнесті дамыту үшін бөлінетін гранттар мен микрокредиттер туралы білесіз бе?

Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды

6-суретке сәйкес, маңызды сұрақтардың бірі – «Егер де Сізде 1-ден 3 млн теңгеге дейінгі сомаға грант ұтып алу мүмкіндігі болса, өз бизнесіңіз үшін қандай қызмет түрін таңдаған болар едіңіз» - деген сұраққа:

- Жылыжайлар ашу, бау-бақша отырғызу және абаттандыру, егістіктерде көкөніс өсіру (17,1%);
- Қоғамдық тамақтану орындары (асхана, кафе, фаст-фуд және т.с.с.) (17,1%);
- Ет/сүт өнімдерін өңдеу (15,7%);
- Ойын-сауық және демалыс орны (ойын алаңдары, шағын кинотеатрлар, т. б.) (14,3%);
- Қызмет көрсету (сән салоны, шаштараз, фотосалон, монша...) (12,9%);
- Мал/құс шаруашылығы (8,6%);
- Білім беру орталықтары (үйірмелер, секциялар) (5,7%);
- Наубайхана, кулинария (4,3%);
- Және де басқалары (медициналық қызметтер, құрылыс саласы, және т.с.с.) деген жауаптар берілген (сурет 6).



6-сурет – Егер де Сізде 1-ден 3 млн. теңгеге дейінгі сомаға грант ұтып алу мүмкіндігі болса, өз бизнесіңіз үшін қандай қызмет түрін таңдаған болар едіңіз?


*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің басым бөлігі өндіру немесе қызмет көрсету салаларын таңдаған.

7-суретке сәйкес, нақты өндіріске қатысты «Егер микрокредиттер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жобаларға бөлінетін болса, өзіңіз үшін қандай бағытты таңдайтын едіңіз?» деген сұраққа:

- Шағын құс фермаларын ашу (31,4%);
- Орамада шикі ет өнімдерін сату (17,1%);
- Жартылай фабрикаттар жасап сату (15,7%);
- Сүтті жинап сату (15,7%);
- Орамадағы ашыған сүт өнімдерін сату (11,4%);

- Және басқа жауаптары (балмұздақтар жасап сату, гүл өсіру, және т.б.) (8,6%) (сурет 7).



7-сурет – Егер микрокредиттер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жобаларға бөлінетін болса, өзіңіз үшін қандай бағытты таңдайтын едіңіз?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*


Сонымен қатар, 8-суретке сәйкес респонденттер өздерінің жеке кәсіпкерлігін ашу үшін бірқатар құзыреттіліктерге ие екенін атап өтті (сурет 8). Құзыреттіліктердің басым көпшілігі бағбандық, егін шаруашылығы мен мал шаруашылығына қатысты.



8-сурет – Жеке кәсіпкерлік ашуға қатысты белгілі құзыреттіліктің болуы

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

9-суретке сәйкес, мемлекеттік органдар тарапынан бизнес жүргізуге кедергілерге қатысты респонденттердің жауаптары теңдей бөлінді десек болады: **30%-і «иә, кедергі бар»** десе, **34,3%-і жауап беруге қиналады**, ал **35,7%-і** еш кедергі жоқ деп жауап берген (сурет 9).



9-сурет – Мемлекеттік органдар тарапынан бизнес жүргізуге қатысты кедергілерге тап болдыңыз ба?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*


Респонденттердің пікірінше, 10-суретке сәйкес ауданның мемлекеттік органдарына бизнес сұрақтар бойынша жүгінген кезде жер учаскелеріне, түрлі рұқсаттамалар алуға, жемқорлық тәуекелдері сияқты қиындықтар аталған (сурет 10).



10-сурет – Мемлекеттік органдар тарапынан бизнес жүргізуге қатысты кедергілерге тап болдыңыз ба?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

11-суретке сәйкес, «Егер Сізге өте төмен пайыздық мөлшерлеменен белгілі бір бағытта несие ұсынылса, мысалы, фирмалық белгісі бар банкарда үйде дайындалған варенье өндірісін құру үшін, Сіздің жауабыңыз қандай болады?» - деген сұраққа респонденттердің 69%-і «егер маған кейбір нюанстар түсіндірілсе, мен келісемін» - деп жауап берген (сурет 11). Демек, арнайы бастапқы қолдаулар көрсетілген жағдайда (қаражат, ақпарат, дағды, және т.б.) үй жағдайындағы «өзін-өзі қамтыған» санатындағы кәсібін ресмилендіріп, құжаттандырылған шағын немесе орташа кәсіпкерлікке бағыттауға ниеттері бар екенін айқындайды.




11-сурет – Егер Сізге өте төмен пайыздық мөлшерлеменен белгілі бір бағытта несие ұсынылса, мысалы, фирмалық белгісі бар банкарда үйде дайындалған варенье өндірісін құру үшін, Сіздің жауабыңыз қандай болады?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

Осы ойды келесі сұрақтар ашып, нақтылап береді

12-суретке сәйкес, «Сіздің ойыңызша, ауданда ШОБ (шағын орта бизнес) дамыту бойынша жұмыс бірінші кезекте қайда бағытталуы тиіс» - деген сұраққа жартысына жуығы – (52,9%) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге көмек қажет деп жауап берген, және (20%) әкімшілік кедергілерді азайту қажет деп жауап берген (сурет 12).



12-сурет – Сіздің ойыңызша, ауданда ШОБ дамыту бойынша жұмыс бірінші кезекте қайда бағытталуы тиіс?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

Және, 13-суретке сәйкес, «Бизнесті бастау/жүргізу үшін Сізге қандай дағды немесе мүмкіндік жетіспейтінін жазыңыз» - деген сұраққа жауап берушілердің көбісі «қаражат» деп жауап берген (сурет 13).



13-сурет – Бизнесті бастау/жүргізу үшін Сізге қандай дағды немесе мүмкіндік қажет деп ойлайсыз?

*Ескертпе: диаграмма автормен сауалнама нәтижесі бойынша құралды*

Осылайша, сұрау жүргізу нәтижелері бойынша дұрыс ақпараттандыру, барлығына бірдей мүмкіндіктерді ұсыну, гранттарға қатысты барлық мәліметтерді жеткізу және бастапқы кәсіпкерлікті ашу бойынша кейбір мәселелерді түсіндіріп, дағдыларын дамытуға қатысты жұмыстар жүргізілсе, аудан тұрғындары тарапынан жеке кәсіпкерлікпен айналысуға, бизнес саласын дамытуға ниеттері бар екені айқындалды.

Зерттеу әдісі арқылы алынған мәліметтер мен жауаптар сарапшылар бағалауына ұсынылып, 14-суретке сәйкес арнайы «R-studio» зерттеу құралы бағдарламасы арқылы талданды (сурет 14).

```

> summary (p_mod)

Call:
lm(formula = SS$X14_harakteristika_gosorganov ~ SS$X6.o_grantah +
    SS$X5_nachat_delo + SS$X11_kredita + SS$X13_pregrady + SS$X16_uroven_barero
    v,
    data = SS)

Residuals:
    Min       1Q   Median       3Q      Max
-2.19838 -0.50877  0.08277  0.79181  1.84560

Coefficients:
                Estimate Std. Error t value Pr(>|t|)
(Intercept)    1.426790    0.723948   1.971  0.0536 .
SS$X6.o_grantah2 0.449882    0.470347   0.956  0.3429
SS$X6.o_grantah3 0.661427    0.390446   1.694  0.0957
SS$X6.o_grantah4 0.094412    0.707311   0.133  0.8943
SS$X6.o_grantah5 1.474014    0.652723   2.258  0.0278 *
SS$X5_nachat_delo 0.396489    0.169947   2.333  0.0232 *
SS$X11_kredita2 -0.006852    0.374908  -0.018  0.9855
SS$X11_kredita3 -0.215372    0.379864  -0.567  0.5730
SS$X13_pregrady3 -0.012961    0.323385  -0.040  0.9682
SS$X16_uroven_barerov -0.066062    0.110148  -0.600  0.5510
---
Signif. codes:  0 '***' 0.001 '**' 0.01 '*' 0.05 '.' 0.1 ' ' 1

Residual standard error: 1.042 on 57 degrees of freedom
Multiple R-squared:  0.284, Adjusted R-squared:  0.171
F-statistic: 2.512 on 9 and 57 DF, p-value: 0.01694

```


14-сурет – Сауалнама нәтижелерін «R-studio» құралы арқылы талдау  
*Ескертпе: автормен сауалнаманы «R-studio» зерттеу құралы арқылы талдау нәтижесінде алынды*

Қорытындысы бойынша, ауданда кәсіп ашудың жеңілдігінің бағалануы 1 ұпайға көтерілген сайын мемлекеттік органдардың жұмыс көрсеткішінің бағасы 0,4 ұпайға көтеріледі. Гранттар мен микрокредиттер бойынша ақпараттың қолжетімділігі артқан сайын мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі 1,5 тармаққа артады. Демек, ауданда кәсіп ашуға қолдау көрсетуге арналған қосымша қолдау шараларын ұсыну арқылы, жеңілдіктерді ұсыну қажет, сонымен қатар ақпараттық жұмыстарды да күшейту маңызды.

Жасалған зерттеу жұмысының сенімділігі 98%-ды құрды, p-value жоғарыдағы факторлар бойынша 0,02-ні құрды.

Аудан тұрғындарын, оның ішінде кәсіпкерлерді мемлекеттік бағдарламалар бойынша, және басқа да жұмыстарға қатысты ақпараттандыру мақсатында «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» ММ-сі Instagram әлеуметтік желісі арқылы белсенді ақпараттық жұмыстарын жүргізеді. 15-суретке сәйкес, «aitekebi\_kasir» парақшасына 1968 оқырман тіркелген, жалпы 632 пост жарияланған, өткен 2021 жыл бойынша 187 жарияланым шығарылған (сурет 15).





15-сурет – «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» ММ-нің инстаграм аккаунты

## Қорытынды

Зерттелген халықаралық тәжірибеге сәйкес, елдегі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуына оң әсер ету мақсатында кешенді қолдау шаралары жүзеге асырылуы тиіс. Сол арқылы мемлекеттегі жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта кәсіпкерліктің үлесін жоғарылатуға мүмкіндік жасалады. Бұл үрдіс әрі қарай өңірлердің экономикалық базасын нығайтуға ықпал етеді, бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы орта жасайды, халықтың едәуір бөлігінің жұмыспен қамтылуын және өндірістің өсуін қамтамасыз етеді, тұтастай алғанда барлық экономикалық процестерге пайдалы әсер етеді, бұл әсіресе дағдарыстық және дағдарыстан кейінгі (пандемиядан кейінгі) кезеңдерде маңызды.

Бірқатар белгілі экономистер (М.Мацукато, Х.Чхан) мемлекетте кәсіпкерлікті қолдап, жан-жақты инвестициялық бағдарламаларды қолға алып, мемлекеттік реттеу жұмыстарын жүргізген дұрыс дейді.

Статистикалық мәліметтер бойынша, қазіргі таңда кәсіпкерлер қаржылық қолдауға көп жүгінеді. Ұлттық Банктің мәліметіне сәйкес, мемлекеттік несиелер көлемі жылма жыл азайып келеді, сұраныс жыл сайын өседі, ал сол өтініштерді мақұлдау пайызы өте төмен. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің несие алуға кедергілердің бірі – кепілдіктің сапасыздығы.

Жобалық жұмыстың талдамасына сәйкес, өңірлерде кәсіпкерді қаржылық қолдау бойынша қосымша шараларды жүзеге асыру қажет деген қорытынды шықты.

Мысал ретінде осы жұмыста қарастырылған Ресей Федерациясындағы «Әлеуметтік келісім-шарт» жобасын қарастыруды ұсынамыз. Осы тәжірибе аясында әрбір өңір, әрбір аудан өзінің инвестициялық бағытын айқындап, инновациялық жоспарларын әзірлеуге жұмыстануы керек. Егер жергілікті бюджеттен жергілікті кәсіпкерлерді қолдауға қаражат қарастырылатын болса, сол кәсіпкер қаражат беруші аумақтың имиджін қалыптастыруға, экономикасын жақсартуға, жұмыссыздығын азайтуға бағытталған қызметтер көрсетуге мүдделі болуы қажет.

Сондықтан, әкімдік тарапынан қолдауды қажет ететін және аудан имиджін қалыптастыруға оң әсерін беретін басым кәсіпкерлік бағыттарын айқындап, арнайы тізім әзірлеуі тиіс. Сол басымдыққа ие тізім аясында жұмыс бастауға ниетті кәсіпкермен «келісім-шарт» орнату ұсынылады. «Келісім-шартқа» сәйкес, кәсіпкер грант қаражатына міндетті түрде кәсіпкерлігін дамытып, құжатта көрсетілген сан бойынша тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етіп, өндірілген өнімге аудан логотипін қолдануға міндеттеледі. Ал әкімдік болса өз тарапынан қаржылай қолдау көрсетіп, өнімнің таралуына ықпал етеді.

Жұмыста қарастырылған «Еңбек» бағдарламасы бойынша аудандық деңгейдегі қызметтері аудандық Жұмыспен қамту орталықтарына жүктелген. Ал, жоғарыда келтірілетін ұсыныс аясында қаржылай емес қолдау көрсету үшін негізгі ұйым ретінде аудандық кәсіпкерлік бөлімдерін қарастыру қажет.

## Ұсыныс:

Жобада келтірілген жергілікті атқарушы органдарының шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау шараларының тиімділігін арттыру бойынша қаралған тәжірибелерге сәйкес, Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігіне Қарағанды облысы мысалы бойынша өңірлік гранттар беру механизмін іске асыру ұсынылады. Мемлекеттік грант бірнеше форматта берілуі мүмкін:

1. **Қаржылық гранттар;**
2. **Заттай гранттар.**

**Қаржылық грант** аталып өткен мысалдар негізінде, еліміздегі «Еңбек» бағдарламасы аясындағы өңірлердің өз мүмкіндігімен бекітілетін (жергілікті бюджет қорынан) грант қорымен қоса, потенциалды кәсіпкерге, кәсіп ашушыға тек 200 АЕК емес, ауданға қажетті кәсіпкерлік тізбеге сәйкес (алдын ала ауданға қажетті кәсіпкерлік тізбесін құра отырып) және кәсіпкерлердің бастапқы сұранысын қанағаттандыратын, сонымен қатар нақты экономикаға жұмсалатындай болуы қажет. Қайтарымызсыз қаражат бизнес-жоспарға сәйкес қажетті құрылғыларға, бастапқы жалдаманы өтеуге және тағы сол секілді мақсаттарға нақты аударылуы тиіс, қаржылай емес болғаны абзал деп тұжырымдалынады. Сонымен қатар, кәсіпкерге өз жоспарын тиімді етіп дайындауға көмектесу мақсатында мемлекеттік орган тарапынан үлгілі объектілерге тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Тәжірибеге сәйкес «Еңбек» бағдарламасын мемлекеттік органдар, нақтырақ айтқанда жергілікті атқарушы органдар жұмыссыздық статистикасын азайту мақсатында қолданатын механизм ретінде көрді. Алайда, экономиканың көптеген басқа да салаларына өзінің оң әсерін тигізетін шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту құралы ретінде кеңінен қолданып, барлық механизмдерін іске асырсақ, сонымен қатар, көрсетілген ұсынысқа сәйкес бір кәсіпкерге берілетін грант мөлшерін жергілікті комиссия өзі сол кәсіпкердің нақты сұранысына қарай анықтай алатын болса, аталған секторды дамытуға серпін береді деген тұжырымға келеміз.

Алайда, бұл жағдайда бірқатар кемшіліктері мен қатерлі тұстары бар.

Сонымен қатар, екінші форматы – «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ -ның заттай грант беру механизмін қолдана отырып, арнайы механизм жасақтау. Бұл механизмді мемлекеттік мекеме мен кәсіпкер арасында келісім жасау (жаңа жұмыс орындар ашу, өндірісті дамыту, имиджге әсер ету, және т.с.с.) негізінде **заттай грант** беру шарасы болғандықтан «**Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік**» атты қаржылай қолдау механизмі деп атауға болады.

Ал бұл механизмнің паспорты төмендегідей болуы мүмкін:

1. «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» аудандық кәсіпкерлік бөлімі мен кәсіпкер арасында құрылады.
2. «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» бағдарламасына қатысушы потенциалды кәсіпкер әкімдіктегі «ауданның кәсіпкерлік саласындағы басымдықтар» тізімі аясында бизнес-жоспар әзірлеуі тиіс. Сонымен қатар,

бизнес-жоспарында міндетті түрде кем дегенде 2 тұрғынды жұмыспен қамтуы қарастырылуы керек.

3. «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» бағдарламасы аясында қаржылай қолдау мемлекеттік заттай грант түрінде көрсетіледі. Заттай грант көлемі 200 АЕК-ден бастап 500 АЕК дейін бизнес-жоспарға сәйкес қарастырылуы мүмкін («Бастау-бизнес» жобасы мысалында).

4. «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» бойынша қолдау көрсетілетін кәсіпкерлер тізімін арнайы комиссия шешімі арқылы бекітіледі.

5. Қаржысы жергілікті бюджеттен бөлінеді («Еңбек» бағдарламасы мысалында);

6. Мемлекеттік заттай гранттар ретінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, машиналар мен жабдықтар, есептеу техникасы, өлшейтін және реттейтін аспаптар мен құрылғылар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар берілуі мүмкін.

7. Заңнамаға сәйкес, берілетін гранттық көмектің көлемі жобаның 30%-нан аспайды.

8. Грант қоры бастапқы жылы 10,0 млн тг, бір жобаға 0,5 – 1,0 млн тг аралығындағы сома қарастырылуы мүмкін.

Ұсынылып отырған «Мемлекеттік-кәсіпкерлік серіктестік» заттай гранттар беру механизмінің тиімді іске асыру мақсатында барлық қауіп-қатерлерін ескеріп, мықты/әлсіз тұстарын талдап, жұмыс жасау жоспарын жасау қажет. Бұл мақсатта SWOT-талдау жасалды (кесте 7)

Кесте 7 – «Мемлекеттік-кәсіпкерлік серіктестік» заттай гранттар беру механизмінің SWOT-талдауы

<b>Мықты тұстары:</b>	<b>Әлсіз тұстары:</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бизнес-жобаның сұранысына байланысты нақты затқа комиссия шешімімен қаржы бөлу;</li> <li>2. Грант заттай беріледі;</li> <li>3. Жергілікті өнім шығарушы/ өнім шығаруға ниетті кәсіпкерлерді қолдау;</li> <li>4. Жаңа жұмыс орындар құру;</li> <li>5. Жергілікті өндіріске деген жоғары сұраныс</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қаражат көлемінің шектеулігі/аздығы;</li> <li>2. Жергілікті тұрғындарда кәсіпкерлік дағдысының төмендігі;</li> <li>3. Кәсіпкерлердің маркетинг бойынша білімінің төмендігі;</li> <li>4. Өзін-өзі қамтыған азаматтардың кәсіпкерліктерін заңды түрде тіркелуін қаламауы;</li> <li>5. Келісімшарт бұзылған жағдайда кәсіпкердің жауапкершілігінің деңгейінің төмендігі</li> </ol>

7-кестенің жалғасы

<b>Мүмкіндіктері:</b>	<b>Қауіп-қатерлері:</b>
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіпкерлерге ісін бастауға немесе жұмыс жасап тұрған кәсібін дамытуға қосымша мүмкіндік;</li> <li>2. Мемлекеттік қаржыны мақсатсыз пайдалануды алдын алу мүмкіндігі;</li> <li>3. Нақты жұмыс жасап тұрған ШОК санының өсуін қамтамасыз ету;</li> <li>4. ШОК өндірілген өнім көлемінің өсуі;</li> <li>5. «Мемлекет – кәсіпкерлік – қоғам» байланысын құру</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заттарды сатып алу кезіндегі қиындықтар (бағасының өсуі, сапасыз тауардың жеткізілуі, т.с.с.);</li> <li>2. Кейбір кәсіпкерлердің тауар жеткізуші компаниялармен келісім жасау арқылы тауардың бағасын жоғарылатуы;</li> <li>3. Өндірілген өнімнің сатылымының кейбір себептерге байланысты төмендеуі/ іске аспауы;</li> <li>4. Кәсіпкердің өз еркімен келісімшартты бұзу кесірінен заттың сапасыз қайтарылуы;</li> <li>5. Белгілі себептермен іске асырылмаған, келісімшартты орындамаған кәсіпкерлердің заттарының әрі қарай қолданбауының ескіруі/ қолданысқа жарамай қалуы/ өзектілігін жоғалтуы.</li> </ol>

*Ескертпе: кесте автормен ұсынысты талдау негізінде құрастырылған*

Талдау барысында мықты/ әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері анықталып, маңыздылығы бойынша сараланды. Талдау тәртібіне сәйкес іс-әрекеттер иматрицасы жасақталды (қосымша 6). Жасақталған матрицадағы іс-әрекеттер нәтижесінде механизмді іске асыру бойынша Жол картасы әзірленді (кесте 8)

Кесте 8 – Жасалған SWOT-талдаудың іс-әрекеттер матрицасының негізінде «Мемлекеттік-кәсіпкерлік серіктестік» жобасын іске асыру жол картасы

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Аяқтау нысаны</b>	<b>Орындау мерзімі</b>	<b>Жауапты орындаушылар</b>
1	2	3	4	5
<p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>1) Кем дегенде 20 жұмыссызды ұзақ мерзімді мерзімге жұмысқа орналастыру;</p>				

<p>2) аудан бюджетіне салық түсімдерін ұлғайту;</p> <p>3) Өндірістің 10 жаңа түрін ашу;</p> <p>4) АӨК секторын дамыту;</p> <p>5) өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</p> <p>6) жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санын арттыру.</p>
---

#### 8-кестенің жалғасы

1	Ауданда кәсіпкерлікті дамытуға жоғары әлеуеті бар салалардың, сонымен қатар жоғары сұранысқа ие өндіріс тізімін жасақтау	Тізім	2022 жыл қазан	Аудандық кәсіпкерлік бөлімі, аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі, а/о әкімдері
2	Комиссия құрамына мемлекеттік органдармен қоса, кәсіпкерлерді, қоғамдық ұйымдар өкілдерін тарту арқылы комиссияны бекіту	Қаулының қосымшасының жобасы	2022 жыл қараша	Аудандық кәсіпкерлік бөлімі, Жастар ресурстық орталығы, Ішкі саясат бөлімі, «Атамекен» ҰКП филиалы (келісім бойынша)
3	Жобаны жүзеге асыру бойынша қажетті құжаттарды рәсімдеп тіркеу	Қаулы	2022 жыл қараша	Кәсіпкерлік бөлімі
4	Жергілікті өнім шығарушыларға дүкен сөрелерінде арнайы орындар бөлу	«Отандық өнім» орындары	Үнемі	Кәсіпкерлік бөлімі
5	Басқа мемлекеттік емес гранттық конкурстарға қатысу бойынша ақпараттық хабарламалар жариялау	Әлеуметтік желілердегі жарияланым	Үнемі	Кәсіпкерлік бөлімі
6	«Мемлекеттік-кәсіпкерлік серіктестік» механизмі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысының медиа жоспарын бекіту	медиажоспар	2022 жылғы қараша	Кәсіпкерлік бөлімі, «Атамекен» ҰКП филиалы (келісу бойынша)
7	Енгізіліп жатқан қолдау механизмі туралы және басқа да шаралар бойынша брифинг өткізу және БАҚ қатысуымен іс-шаралар өткізу	медиа есеп	2022-2023 жылдар	Кәсіпкерлік бөлімі, «Атамекен» ҰКП (келісу бойынша)

*Ескертпе: кесте автормен ұсынысты талдау негізінде құрастырылған*

Сонымен қатар, іс-әрекеттер матрицасының негізінде қажетті құжаттар жобалары мен ережесі әзірленді. Аталған қаржылай қолдау механизміне келесідей Ереже бекіту ұсынылады:

**Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті қолдау және дамыту бойынша «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» аясында заттай гранттар тағайындау туралы Ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» аясындағы заттай гранттар (бұдан әрі – Грант) беру туралы ереже 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау үшін «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» аясындағы заттай гранттар тағайындау жөніндегі Комиссия қызметінің (бұдан әрі – Комиссия) міндеттері мен функцияларын, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

3. Комиссия жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерінен, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының Әйтеке би аудандық филиалы өкілінен, азаматтық қоғам институттарының өкілдерінен құрылады.

4. Комиссия құрамы Әйтеке би ауданы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

### **2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары**

1. Гранттар жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінеді.

2. Комиссияның міндеттері мен функциялары:

- ауданда кәсіпкерлікті дамыту және қолдау үшін «Мемлекеттік-Кәсіпкерлік серіктестік» аясындағы Әйтеке би ауданы әкімінің гранттарын тағайындау бойынша белгіленген талаптарға сәйкес үміткерлерді іріктеу;

- кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға Әйтеке би ауданы әкімінің гранттарын тағайындау бойынша жеңімпаздарды анықтау, ұйымдастыру, өткізу, қызметі мен қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.

### **3. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

1. Комиссияның құрамына: Комиссия төрағасы, оның орынбасары, комиссия мүшелері кіреді.

2. Комиссияның жұмыс органы «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып анықталады.

3. Жұмыс органының қызметі:

- гранттар беру үшін үміткерлерді конкурстық іріктеудің басталуы туралы аудандық апта сайынғы баспа басылымында жариялау;

- конкурсқа қатысу мәселелері, кәсіпкерлерге гранттар беру шарттары мен тәртібі туралы үміткерлерге кеңес беру;

- үміткерлерден конкурсқа қатысуға өтінімдер мен оларға қоса берілетін құжаттарды қабылдау;

- конкурсты ұйымдастыру және өткізу;

- үміткерлерді грант беру немесе беруден бас тарту туралы хабардар ету.

4. Гранттардың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ ( \_\_ миллион) теңге, әр гранттың мөлшері \_\_\_\_\_ ( \_\_ миллион) теңгеден кем емес.

5. Гранттар жылына бір рет беріледі, қорытындыларды жариялау салтанатты жағдайда жүзеге асырылады.

6. Комиссия гранттар беру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жеңімпаздармен екі жақты шарт жасалады.

7. Шарт өз бизнесін ашуға байланысты қаражатты аудару үшін негіз болып табылады.

8. Гранттар үміткердің шотына аударылмайды. Шартқа сәйкес грант заттай болғандықтан сатып алынатын құрылғы/тауарының алатын мекемесіне аударылады.

#### **4. Комиссия төрағасы, мүшелері мен хатшысының құқықтары мен міндеттері**

1. Комиссияның төрағасы өз құзыреті шегінде Әйтеке би ауданы әкімінің орынбасары болып табылады:

- Комиссияның қызметіне жетекшілік етеді;

- рәсімдік мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

- комиссияның қабылданған шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

2. Комиссия төрағасы болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары атқарады.

3. Комиссия мүшелерінің саны тақ болуы керек.

4. Комиссия мүшелері:

- гранттар беруге үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыруға;

- белгіленген талаптарды сақтау бөлігінде ізденушілердің ұсынылған құжаттарын талдау мен бағалауды жүзеге асыруға;

- үміткерлердің талаптарға сәйкессіздігі анықталған жағдайда құжаттарды қабылдамау туралы ұсыныс енгізуге құқылы.

5. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады, дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

7. Қабылдамау туралы шешім хаттамаға енгізіледі;

8. Комиссия мүшелері міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарын сақтауға;



- күн тәртібіне енгізілген мәселелерді және Комиссия отырысына дейін қоса берілген материалдарды зерделеуге;

- өз өкілеттіктерін жүзеге асыру нәтижесінде алынған барлық ақпараттың қатаң құпиялылығын сақтауға. Комиссия мүшелерінің отырыстар барысында айтылған пікірлері, сондай-ақ қойылған бағалардың нәтижелері қызметтік құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, жария етуге жатпайды.

9. Комиссия хатшысы:

- Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастыруға;

- Комиссия мүшелеріне отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша танысу үшін материалдарды уақтылы жіберуге; жиынтық бағалауды және қорытынды шоғырландырылған есепті қалыптастыруға, осы Ережеде белгіленген тәртіппен отырыстың хаттамасын жүргізуге міндетті.

## **5. Комиссия жұмысының тәртібі**

1. Комиссия қызметін конкурс өткізу кезеңінде жүзеге асырады.

2. Комиссияның отырыстарына, қажет болған жағдайда, дауыс беру құқығынсыз жергілікті атқарушы органдардың салалық құзыреттерінің құрылымдық бөлімшелерінен шақырылған адамдар, сондай-ақ үшінші тұлғалар қатыса алады.

3. Комиссия хатшысы комиссия мүшелерін тиісті материалдар мен құжаттарды қоса бере отырып, комиссия отырысының шақыру және күн тәртібін жіберу арқылы отырыстың өткізілетін күні туралы хабардар етеді.

4. Отырыс басталар алдында Комиссия төрағасы Комиссия шешім қабылдау үшін кворумның болуын тексеріп, Комиссия хатшысынан Комиссия мүшелерінің болмау себептерін анықтауы тиіс.

5. Комиссияның әрбір мүшесі алмастыру құқығынсыз бір дауыс беруге құқылы.

6. Ауылдық округтерден үміткерлерді іріктеу жаңа бастаған кәсіпкердің аталған аймақтағы бизнес-жобасының болашағын бағалауды толық визуализациялау үшін Комиссияның кемінде 3 мүшесіне бару арқылы жүзеге асырылады.

7. Бизнес-жобалардың презентациясын тыңдай отырып, грантқа үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия отырысы Комиссия мүшелерінің ауылдарға сапарларының қорытындысы бойынша өткізіледі.

8. Комиссия осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес үміткерлер ұсынған бизнес-жобаларды бағалауды жүзеге асырады.

9. Үміткер өзінің бизнес-жобасын комиссия отырысында таныстырады.

10. Комиссия мүшелерінің бағалау ведомостарының негізінде әрбір қаралатын бизнес-жоба бойынша жиынтық бағалау ведомосы (2-қосымша) толтырылады, әрбір өлшем бойынша орташа балл және қорытынды балл шығарылады.

11. Барлық қаралатын бизнес-жобалар бойынша қорытынды балдар жиынтық ведомосқа енгізіледі (3-қосымша).

## **6. Комиссия хаттамаларына қол қою тәртібі**

1. Үміткер грант беру /бермеу туралы шешім жиынтық ведомосқа сәйкес Комиссия хаттамасымен ресімделеді (3-қосымша).

2. Хатшы отырыс өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде комиссия отырысының хаттамасын қалыптастырады және Комиссия мүшелеріне қол қоюға ұсынады.

3. Хаттамаға комиссия мүшелері, Комиссияның хатшысы және төрағасы қол қояды.

4. Комиссия мүшелері Комиссия Хатшысы хаттаманы ұсынған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған қол қояды жүзеге асыруға міндетті.

5. Комиссия хаттамасының түпнұсқасына оған қол қойылғаннан кейін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тыйым салынады.

## **7. Үміткерлерге қойылатын жалпы талаптар**

1. Конкурсқа қатысуға өтінім берген уақытта Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданында тұратын қатысушылар жіберіледі.

2. Қатысушының өтінішін қалыптастыру үшін қажетті құжаттар тізімі:

2.1. Жеке куәлік (көшірме);

2.2. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (көшірмесі);

2.3. Бизнес-жоба;

2.4. Бизнес негіздері бойынша оқыту туралы сертификат;

2.5. Жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін қызмет көрсететін банктерден несие берешегінің болуы (болмауы) туралы анықтама (түпнұсқа);

2.6. Жұмыс істеп тұрған бизнес болған жағдайда жоба бойынша өндірістік бағдарламада пайдаланылатын мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттар, сондай-ақ жалдау келісімдері (көшірмесі).

3. Құжаттар Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Т.Жүргенов ауылы, Т.Жүргенов көшесі, 62 мекен-жайы бойынша №9 кабинетінде қабылданады.

4. Құжаттар іс қағаздары папкасында қабылданады.

## **8. Комиссия қызметін тоқтату**

1. Комиссияның қызметін тоқтату заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Келтірілген ұсыныстар Декарт шаршысы арқылы бағаланды (кесте 9).

Кесте 9 – Декарт шаршысы

<p>Бұл ұсыныстарды <b>қабылдаған</b> жағдайда не болады</p>	<p>Бұл ұсыныстарды <b>қабылдамаған</b> жағдайда не болады</p>
<p>- Өкілетті мемлекеттік қызметшілер кәсіпкерлерге сапалы көмек көрсетуге ынталы болады;</p>	<p>- Өзін-өзі қамтығандар кәсіпкерлігін ресми тіркеуге ниетті болмайды;</p>

<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тұрғындар көптеген мүмкіндіктер туралы мемлекеттік органдар арқылы ақпарат ала алады;</li> <li>- Қосымша «Мемлекеттік-кәсіпкерлік серіктестік» атты жергілікті кәсіпкерлерге қолдау тетігі пайда болады;</li> <li>- Мемлекеттік қаржы нақты кәсіпкерлікті дамытуға бағытталады;</li> <li>- Кәсіпкерлерге заттай грант беріледі;</li> <li>- Кәсіпкерлер бекітілген грант сомасына жасанды келтіру арқылы емес, өз жобасының нақты қажеттілігі бойынша жобасын қорғайды;</li> <li>- Мемлекеттік органға деген сенімі арта түседі;</li> <li>- Жаңа жұмыс орындары ашылады;</li> <li>- Аудан экономикасына оң әсері тиеді</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Жаңа жұмыс орындары ашылмайды;</li> <li>- Кәсіпкерлікті дамыту үшін емес, тегін қаражатқа иелену мақсатында конкурсқа түсушілер келе береді</li> </ul>
---	---

**9-кестенің жалғасы**

<b>Бұл ұсыныстарды қабылдаған жағдайда не болмайды</b>	<b>Бұл ұсыныстарды қабылдамаған жағдайда не болмайды</b>
<ul style="list-style-type: none"> <li>- Грант заттай болғандықтан, қаражатты мақсатты емес жұмсау тәуекелдері төмендейді;</li> <li>- Теріс мақсатта конкурсқа түсушілер (алаяқтар) болмайды;</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Кәсіпкерлік бөлімі тарапынан қосымша мемлекеттік емес гранттар бойынша ақпараттар іздеп жариялауға ынта болмайды;</li> <li>- Кәсіпкерлер мен мемлекеттік органдар арасында байланыс нығаймайды;</li> <li>- Кәсіпкерлерге және жаңадан кәсібін ашам деушілерге қосымша қаржылық және қаржылай емес қолдау тетіктері көрсетілмейді;</li> <li>- Кәсіпкерлер және жаңадан кәсібін ашам деушілер қосымша мемлекеттік емес гранттар мен оқытулар бойынша ақпараттан тыс қалады</li> </ul>
<p><i>Ескертпе: кесте автормен Декарт шаршысы талдауын қолдану негізінде құрастырылған</i></p>	

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалар тек тіркеу тәртібін жеңілдетуге және салық жүктемесін азайтуға бағытталмай, олардың мүмкіндіктерін кеңейтуге және инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталуы тиіс. Осылайша экономикалық өсуге қол жеткізуге болады.

## Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1900002019> Жүгінген күні: 20.04.2020
- 2 Мемлекет басшысы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының VIII съезіне қатысты // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-atameken-ulttyk-kasipkerler-palatasynyn-viii-sezine-katysty-288540>. Жүгінген күні: 22.10.2021
- 3 «Малый бизнес нуждается в доступном финансировании: спрос на кредитование увеличился более чем в 6 раз, при этом уровень одобрения займов резко ухудшается» // Ranking.kz – URL: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/malyj-biznes-nuzhdaetsya-v-dostupnom-finansirovanii-spros-na-kreditovanie-uvelichilsya-bolee-chem-v-6-raz-pri-etom-uroven-odobreniya-zajmov-rezko-uhudshaetsya>. Жүгінген күні: 15.04.2022
- 4 «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі», 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>. Жүгінген күні: 20.04.2020
- 5 Мищенко В.В., Лапшин Е.А., «Государственная поддержка малого и среднего предпринимательства: современное состояние и перспективы развития» // журнал «Экономика. Профессия. Бизнес», 2017г. – №4 – с. 56-64
- 6 Резник С.Д., Баронин С.А., Назарова Н.А. Основы предпринимательской деятельности: содержание деятельности, качества и компетенции, профессиональная карьера, личная организация предпринимателя: учебное пособие / под ред. проф. С.Д. Резника. – Изд. 2-е, М.: ИНФРА-М, 2012. – 9-13с. – 220с.
- 7 Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р., Микроэкономика: учебное пособие/ под ред. С.Жильцова – Серия «Краткий курс» - Питер, 2007. – 206с.
- 8 Юрастова П.С., Теоретические подходы к понятию малого и среднего предпринимательства // журнал «Аллея науки» – 2020г – №10(49) – с.228-234
- 9 Оксанич Н.И., Черкашина А.С., Малый бизнес в АПК: тенденции и проблемы развития // реферативный журнал «Экономика сельского хозяйства» – Москва, 2008. – №4 – с. 113-120
- 10 Михайлова О.П., Дискуссионные критерии отнесения предприятий к малому бизнесу // Известия высших учебных заведений. – Поволжский регион. – Общественные науки. 2009. № 2 (10). С. 108–116.
- 11 Мороз С., О развитии и поддержке малого и среднего предпринимательства в Казахстане // Сайт Параграф онлайн – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=38173021&pos=73;51#pos=73;51](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38173021&pos=73;51#pos=73;51). Жүгінген күні: 20.04.2020

- 12 Мацукато М., Предпринимательское государство: развеем мифы о государстве и частном секторе // Экономическая социология, перевод отрывка из книги Марианы Мацукато «Предпринимательское государство: развеем мифы о государстве и частном секторе», («*The Entrepreneurial State*») – Т. 22 № 2 – Март 2021, с. 26-41
- 13 Чхан Х-Д., 23 тайны капитализма // (23 Things They Don't Tell You About Capitalism, 2010) / М.: АСТ, 2014. – 320 с.
- 14 Шапиро Г.Т., Доусон Г.Г., Энтел Г., Прикладная экономика: учеб пособие. – Алматы: «Junior Achievement», 1997г. – 223с.
- 15 Исупова С.С., Поддержка малого и среднего предпринимательства – опыт Германии и России // ИД «Бюджет» - №1, январь 2014 – 02.02.2014
- 16 Райзберг Б.А., Курс экономики: учеб пособие. – прил. 3 / под ред. Райзберг Б.А. – М.: Инфра-М, 2000.
- 17 М.Т.Давлетова, дипломдық жұмыс, тақырып: «Шағын бизнес инфрақұрылымын дамыту», Алматы, 2010
- 18 Кто имеет право на выплаты и бесплатные услуги в рамках социального контракта // Ресей Федерациясының Мемлекеттік Дума сайты – URL: <http://duma.gov.ru/news/51118/>. Жүгінген күні: 19.11.2021
- 19 Қарағанды облысы Абай ауданы әкімінің ауылдық жерлерде жастар кәсіпкерлігін дамыту мен қолдауға арналған гранты туралы Ереже, 2011 жыл
- 20 Қарағанды облысы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Абай ауданының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ ресми мәліметтері
- 21 Мемлекеттік заттай грант // «KAZAKH INVEST» Ұлттық компаниясы» АҚ сайты – URL: <https://www.invest.gov.kz/kz/invest-guide/support/investment-activity/a-government-grant/>. Жүгінген күні: 15.04.2021
- 22 «Coca-Cola Белестері» жобасы туралы // «Coca-Cola Белестері» сайты – URL: <https://ccb.kz/> Жүгінген күні: 04.10.2021
- 23 Кока-Кола Алматы Боттлерс компаниясы жүзеге асырып жатқан «321. Старт!» жобасы туралы // «Coca-Cola Ісесек Қазақстан Компаниясы» сайты – URL: <https://321start.kz/kk/> Жүгінген күні: 04.10.2021
- 24 «Bolashaq» Қауымдастығының «Startup Bolashaq» байқауы туралы // «Bolashaq» қауымдастығы сайты – URL: <https://startup-bolashak.kz/kz>. Жүгінген күні: 04.10.2021
- 25 «Chevron» компаниясының қолдауымен, «ITeachMe» құзыреттіліктерді дамыту орталығы» Қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен «EcoBusinessLab» жобасы туралы // «ITeachMe» Қоғамдық қорының сайты – URL: <https://iteachme.kz/ecobusinesslab/> Жүгінген күні: 04.10.2021
- 26 «Өз кәсібінді баста» атты жас кәсіпкерлерді қолдау жобасы туралы // «Сәби» Қорының сайты – URL: <https://entrepreneur.saby.kz/#aboutProjectsBtn> Жүгінген күні: 04.10.2021
- 27 Британдық Кеңестің ұйымдастыруымен өтетін «Big Idea Challenge» жобасы туралы // «British Council Kazakhstan» сайты – URL: <https://kazakhstan.britishcouncil.org/ru/programmes/education/creative-spark/big-idea-challenge> Жүгінген күні: 04.10.2021

- 28 «Атамекен» ҰКП-ның «Бастау Бизнес» жобасы аясында оқыту мақсатында іске қосқан «**Atameken academy**» жобасы // «Атамекен» ҰКП – URL: <http://atameken.co> Жүгінген күні: 11.03.2022
- 29 "Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799> Жүгінген күні: 05.04.2021
- 30 Шағын және орта бизнесті қолдау шаралары // «STRATEGY 2050» аналитикалық-шолу порталы – URL: <https://strategy2050.kz/news/sha-yn-zh-ne-orta-biznesti-oldau-sharalary-/> Жүгінген күні: 03.10.2021
- 31 «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000968> Жүгінген күні: 05.10.2021
- 32 Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000746> Жүгінген күні: 05.10.2021
- 33 «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 Қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000728> Жүгінген күні: 06.12.2021
- 34 Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік / Статистикалық жинақ, 2016-2020, Нұр-Сұлтан, 2021, 58б.
- 35 Ақтөбе облысындағы шағын және орта кәсіпкерлік, Статистикалық жинақ, Ақтөбе, 2021, 51 б.
- 36 Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 30 шілдедегі № 165 қаулысымен бекітілген «Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ
- 37 Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне кредиттері, аймақтар бойынша, 2022 жылғы 1 ақпанға // Ұлттық Банк сайты – URL: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/kredity-bankov-malomu-predprinimatelstvu-v-regionalnom-razreze/rubrics/1787> Жүгінген күні: 11.03.2022
- 38 «Ақтөбе облысында кәсіпкерліктің дамуы туралы, Ақтөбе қ., 2021» атты облыс әкімдігінің есебі, презентация
- 39 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 23 тамыздағы № 513 қаулысы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық

актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі – URL:  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000873> Жүгінген күні: 05.04.2021

40 «Әйтеке би ауданы әкімінің 2020 жылға есебі және 2021 жылға міндеттері»  
атты халық алдындағы есебінің тезистері

41 Әбілов С.Қ., Мұсатаева Ә.А., Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті  
дамыту мүмкіндіктері (Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы мысалында) //  
Международный научный журнал «Молодой ученый» - 2022 - №13(408) - 317-  
322б.

42 «Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының 2020-2025 жылдарға арналған  
аумақты дамыту бағдарламасы»



## Қосымша 1

### Бағалау тізімдемесі

\_\_\_\_\_ бизнес жобасы бойынша

(жобаның атауы)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ № \_\_\_\_\_ Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға арналған заттай гранттарына үміткерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасы.

№	Критерий атауы	Ескерту	Баллмен бағалау
1	Бизнес-жобаның жаңалығы		
2	Бизнес-жобаның ерекшелігі		
3	Бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау-маркетингтік талдау)		
4	Бизнесі дамытуға арналған меншікті қаражат көлемі, (теңге)		
5	Бизнес-жобаның енгізуге дайындығы (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, ізденушіні орналастыру үшін орынның, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның дайындық деңгейі)		
6	Жоспарланған пайда, (теңге)		
7	Бюджетке салық түсімі, (теңге)		
8	Жұмыс орындарының саны, (адам)		
9	Жалақы деңгейі, (теңге)		
10	Кәсіпкерлік қызмет негіздеріне оқудан өткені туралы сертификат (болған жағдайда)		

Комиссия мүшесі \_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Ескерту:

1. Бизнес-жобаны бағалау үшін 5 балдық шкала қолданылады;
2. Әрбір ұсынылған критерий бойынша жобаны іске асыру орны ескеріледі;
3. Қорытынды бағаны Комиссия хатшысы шығарады;
4. Комиссия отырысында қаралған әрбір бизнес-жоба бойынша бағалау парағы толтырылады.

Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
1-2 балл	3 балл	4 балл	5 балл

## Қосымша 2

### Жиынтық бағалау тізімдемесі

бизнес-жобасы бойынша

(кәсіпкердің атауы)

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ № \_\_\_\_ Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға арналған заттай гранттарына үміткерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасы.

Ескерту:

**1.Әрбір критерий бойынша орташа балл келесі формула бойынша шығарылады:**

№	Жоба атауы	Комиссия мүшелерінің баллмен бағалауы										Критерий бойынша орташа балл
		Комиссия мүшелері (Т.А.Ә.)										
1	Бизнес-жобаның жаңалығы											
2	Бизнес-жобаның ерекшелігі											
3	Бизнес-жобаның бәсекеге қабілеттілігі (нарықтық қажеттілікті пысықтау-маркетингтік талдау)											
4	Бизнесі дамытуға арналған меншікті қаражат көлемі, (теңге)											
5	Бизнес-жобаның енгізуге дайындығы (өндірісті ұйымдастыру мәселесін пысықтау, ізденушіні орналастыру үшін орынның, өткізу нарығының болуы, өндірісті іске қосу үшін жобаның дайындық деңгейі)											
6	Жоспарланған пайда, (теңге)											
7	Бюджетке салық түсімі, (теңге)											
8	Жұмыс орындарының саны, (адам)											

<b>9</b>	Жалақы деңгейі, (теңге)																		
<b>10</b>	Кәсіпкерлік қызмет негіздеріне оқудан өткені туралы сертификат (болған жағдайда)																		

1. Критерий бойынша орташа балл (Балл (орта) )—
2. Осы критерий бойынша Комиссияның барлық мүшелерінің баллдарының сомасы (Балл (сума) ) —
3. Осы критерий бойынша дауыс берген Комиссия мүшелерінің саны (Комм (саны) ) —

**2. Қорытынды балл келесі формула бойынша шығарылады:**

$$\text{Балл (орта)} = \text{Балл (сума)} / \text{Комм (саны)}$$

**Комиссия мүшелері:**

_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
_____	_____
(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)

**Комиссия хатшысы**

_____	_____
(қолы)	(қолтаңбаның толық жазылуы)

### Қосымша 3

#### Қорытынды тізімдеме

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ № \_\_\_\_\_ Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімінің кәсіпкерлікті дамыту және қолдауға арналған заттай гранттарына үміткерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының хаттамасы.

№ р/н	Жоба атауы	Қорытынды балл

#### Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

(қолтаңбаның толық жазылуы)

#### Комиссия хатшысы

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(қолтаңбаның толық жазылуы)

## Қосымша 4

### Сауалнама сұрақтары

**1. Жынысыңыз:**

- A) ер
- Б) әйел

**2. Жасыңыз:**

- A) 18 – 25 жас
- Б) 26 – 33 жас
- В) 34 жастан жоғары

**3. Білім деңгейі:**

- A) орта / среднее
- Б) арнаулы орта / средне специальное
- В) жоғары / высшее

**4. Қазіргі уақытта сіз қандай қызмет түрімен айналысасыз?**

- A) мемлекеттік қызметші
- Б) бюджеттік сала
- В) жалдамалы жұмысшы
- Г) кәсіпкерлік
- Д) шаруа қожалық иесі
- Е) жұмыссыз

**5. Ауданда бизнесті бастау қаншалықты оңай деп ойлайсыз?**

- A) өте оңай
- Б) оңай емес, алайда мүмкіндіктер бар
- В) өте қиын
- Г) жауап беруге қиналамын

**6. Сіз бизнесті дамыту үшін бөлінетін гранттар мен микрокредиттер туралы білесіз бе?**

- A) ия, білемін, бірақ ешқашан қатысуға тырыспадым
- Б) иә, білемін, конкурсқа қатысып, өтінім бергенмін, бірақ еш нәтижесіз
- В) иә, білемін, грант иегер атандым
- Г) жоқ, білмеймін
- Д) гранттар мен микрокредиттер тек таныс арқылы беріледі

- 7. Егер сізде 1-ден 3 млн теңгеге дейінгі сомаға грант ұтып алу мүмкіндігі болса, өз бизнесіңіз үшін қандай қызмет түрін таңдаған болар едіңіз?**
- А) қызмет көрсету (сән салоны, шаштараз, фотосалон, монша...)
  - Б) наубайхана, кулинария
  - В) қоғамдық тамақтану орындары (асхана, кафе, фаст-фуд және т.с.с.)
  - Г) ет/сүт өнімдерін өңдеу
  - Д) ойын-сауық және демалыс орны (ойын алаңдары, шағын кинотеатрлар, т. б.)
  - Е) білім беру орталықтары (үйірмелер, секциялар)
  - Ж) жылыжайлар ашу, бау-бақша отырғызу және абаттандыру, егістіктерде көкөніс өсіру
- З) өз жауабыңыз \_\_\_\_\_
- 8. Егер микрокредиттер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша жобаларға бөлінетін болса, өзіңіз үшін қандай бағытты таңдайтын едіңіз?**
- А) сүтті жинап сату
  - Б) орамадағы ашыған сүт өнімдерін сату
  - В) орамада шикі ет өнімдерін сату
  - Г) жартылай фабрикаттарды сату
  - Д) шағын құс фермаларын ашу
  - Е) өз жауабыңыз \_\_\_\_\_
- 9. Айталық, ауданда тамақ өнімдерін өндіретін ірі кәсіпорын ашылды және жанама қызметтің кейбір түрлерін аутсорсингке беруді жоспарлап отыр. Сіз қандай қызмет көрсете аласыз?**
- А) клининг (ішкі тазалық жұмыстары)
  - Б) жеткізу, курьерлік қызметтер
  - В) күзет
  - Г) электрик және сантехник қызметтері
  - Д) өз жауабыңыз \_\_\_\_\_
- 10. Халықтың әл-ауқатының жыл сайын жақсаруын және елді мекендердің дамуын (абаттандыру, газдандыру, көгалдандыру және т. б.) ескере отырып, Сіз ауданда мал бағу орталықтарын ашуға (ай сайынғы төлемді енгізу есебінен жеке мал басын барлық маусымды жалпы ұстау нүктелеріне) қалай қарайсыз?**

- А) толықтай мақұлдаймын, себебі бізде басқа жұмыстарға көбірек уақыт болады, қажет болған жағдайда кез-келген уақытта мен малымды ала аламын;
- Б) мен келіспеймін, біз сиырларды күнделікті сауамыз және күн сайын малдың пайдасын көріп отырмыз;
- В) жауап беруге қиналамын

**11. Егер Сізге өте төмен пайыздық мөлшерлеменен несие ұсынылса, бірақ белгілі бір бағытпен, мысалы, фирмалық белгісі бар банкарда үйде дайындалған варенье өндірісін құру үшін, Сіздің жауабыңыз қандай болады?**

- А) егер маған кейбір нюанстар түсіндірілсе, мен келісемін;
- Б) сірә, мен бас тартамын
- В) жауап беруге қиналамын

**12. Төменде көрсетілген дағдылардың қайсысын жақсы меңгергенсіз, сонымен қатар ақша табу үшін қолда аламын деп ойлайсыз?**

- А) бау-бақша ісін жүргізу
- Б) малға күтім жасау
- В) дәнекерлік жұмыстар
- Г) құрылыс жұмыстары
- Д) туған жер мен тарихты жақсы білу (мысалы, гид үшін)
- Е) шет тілдер меңгеру
- Ж) ІТ сауаттылық
- З) токарлық жұмыстар
- И) ағаш өндеу
- К) өз жауабыңыз \_\_\_\_\_

**13. Сіз өз бизнесіңізді ашу үшін мемлекеттік органдардың кедергілерін көріп отырсыз ба?**

- А) иә
- В) жоқ

**14. Ауданның мемлекеттік органдарына бизнес мәселелері бойынша жүгінген кезде сіз қандай қиындықтарға тап болдыңыз?**

- А) жер учаскелеріне қолжетімділіктің күрделілігі
- Б) әртүрлі рұқсаттарды алудың ұзақтығы
- В) инженерлік желілерге қосылудың күрделілігі және ұзақтығы
- Г) басқа \_\_\_\_\_



**15. Аудандық билік органдарының кәсіпкерлікті қолдау бойынша қызметін қалай сипаттайсыз?**

- А) билік бизнеске өз іс-әрекеттерімен белсенді көмектеседі
- Б) билік ештеңе жасамайды
- В) билік тек бизнеске кедергі келтіреді
- Г) жауап беруге қиналамын
- Д) басқа \_\_\_\_\_

**16. Сіздің ойыңызша, ауданда ағымдағы бизнесті жүргізу немесе жаңа бизнес ашу үшін әкімшілік кедергілер қаншалықты үлкен?**

- А) шешілмейтін әкімшілік кедергілер бар
- Б) айтарлықтай шығындарды жұмсау арқылы жүзеге асырылатын кедергілер бар
- В) әкімшілік кедергілер бар, бірақ олар айтарлықтай шығындарсыз жүзеге асырылуы әбден мүмкін
- Г) әкімшілік кедергілер жоқ
- Д) жауап беруге қиналамын

**17. Сіздің ойыңызша, ауданда ШОБ дамыту бойынша жұмыс бірінші кезекте қайда бағытталуы тиіс?**

- А) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге көмек
- Б) кәсіпкерлерді заңдық қорғау
- В) тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету
- Г) әкімшілік кедергілерді азайту
- Д) өз жауабыңыз \_\_\_\_\_

**18. Бизнесті бастау/жүргізу үшін Сізге қандай дағды немесе мүмкіндік жетіспейтінін жазыңыз?**

А) \_\_\_\_\_

**19. Ауданның қай ауылдық округінде тұратындығыңызды жазыңыз**

А) \_\_\_\_\_

## Қосымша 5

### Заттай грант ұсыну туралы

#### № \_\_ КЕЛІСІМШАРТ

Т.Жургенов ауылы  
жыл

«\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_

«Әйтеке би аудандық кәсіпкерлік бөлімі», бөлім басшысы \_\_\_\_\_, бұдан әрі «Грант беруші» және \_\_\_\_\_, ЖСН \_\_\_\_\_ бұдан әрі «Грант алушы» с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», «Мемлекеттік – Кәсіпкерлік серіктестік» жобасы туралы Ережесі (бұдан әрі - Ереже), жеңімпаздарды анықтау бойынша комиссия шешімінің «\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ жылғы №\_\_ хаттамасы негізінде, төмендегілер туралы осы Келісімшартты жасасты.

### 1. КЕЛІСІМШАРТТЫҢ МӘНІ

- 1.1. Грант беруші грант алушыдан алынған төлем шотының негізінде қажетті жабдықты (бұдан әрі – заттай грант) сатып алу бойынша міндеттемелерді өзіне алады.
- 1.2. Заттай грант \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_) теңгеден аспауы тиіс.
- 1.3. Заттай грант грант алушыға қорғаған жобасын іске асыру мақсатында беріледі.
- 1.4. Грант алушы заттай грантты тікелей мақсаты бойынша, атап айтқанда қорғаған жобаны іске асыру үшін пайдалануға міндеттеме алады және үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.
- 1.5. Келісімшарттың іске асыру мерзімі: «\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. дейін.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 2.1. Грант беруші құқылы:

- 2.1.1. Пайдаланушының заттай грантты мақсатты пайдалануын тексеруге және пайдаланушыдан бұл үшін қажетті растайтын құжаттарды сұратуға;
- 2.1.2. Пайдаланушыдан жобаны іске асыру тиімділігі жөніндегі есепті талап етуге **(Қосымша)**;
- 2.1.4. Пайдаланушыдан заттай грантқа ұсынған жобасын ақпараттық сүйемелдеуді талап етуге;
- 2.1.5. Қағидаларға сәйкес пайдаланушыдан жобаның іске асырылу барысы туралы есепті талап етуге (Осы Келісімшарт жасалған күннен бастап 4 ай өткен соң).

#### 2.2. Грант беруші міндеттеледі:

- 2.2.1. Осы Келісімшартта көзделген талаптармен заттай грант ұсынуға (төлемге шот бойынша төлеуге).

#### 2.3. Пайдаланушы құқылы:

- 2.3.1. Осы Келісімшартта көзделген талаптармен заттай грант алуға;
- 2.3.2. Пайдаланушыға заттай грант берілгенге дейін заттай грант нысаны қажеттілік болмаған жағдайда заттай грант алудан жазбаша нысанда бас тартуға құқылы.

#### 2.4. Пайдаланушы міндетті:

- 2.4.1. Алынған заттай грантты оны беру мақсаттарына сәйкес пайдалануға;
- 2.4.2 Грант берушінің бірінші талабы бойынша заттай гранттың мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттарды, сондай-ақ өзге де материалдарды ұсыну;

2.4.3. Пайдаланушы осы Келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тиісті хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде заттай грант сомасын грант берушіге өтеуге;

2.4.4. Осы Келісімшартқа қол қойылған күннен бастап төрт ай өткен соң жобаның іске асырылуы туралы есепті (қосымша) ұсынуға;

### **ЗАТТАЙ ГРАНТ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ**

3.1. Заттай грант пайдаланушыға \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_ мың) теңгеден аспайтын мөлшерде ақы төлеуге берілген шоттың негізінде көрсетіледі.

### **3. ТАРАПТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Келісімшарт талаптары мен оған қосымшалар бұзылған жағдайда, сондай-ақ заттай грантты мақсатсыз пайдаланғаны үшін пайдаланушы алынған қаражатты қайтаруға міндетті.

4.2. Жобаны іске асыру және заттай грантты мақсатты пайдалану туралы есепті ұсыну мерзімдері, сондай-ақ тәртібі бұзылған жағдайда, Пайдаланушы алынған тауарлық-материалдық қаражатты қайтарады.

### **5. КЕЛІСІМШАРТТЫ БҰЗУ**

5.1. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда не Шарттың талаптарында көзделген шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайларда бұзылуы мүмкін.

5.2. Пайдаланушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда грант беруші Шартты орындаудан бас тартуға құқылы.

5.3. Осы Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда оны бұзуға бастамашы Тарап екінші Тарапқа шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте осы Шарт басқа Тарап тиісті хабарлама алған күннен бастап бұзылды деп есептеледі.

### **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

6.1. Тараптар осы Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін кез келген даулар мен келіспеушіліктерді бейбіт жолмен реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды.

6.2. Егер тараптар бейбіт реттеуге келмесе, онда барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Әйтеке би ауданында сот тәртібімен қаралуға жатады.

### **7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

7.1. Осы Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

7.2. Осы Шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

7.3. Тараптардың ешқайсысының осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

7.4. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

## **8. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ; ҚОЛДАРЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

**Заттай грант беруші:**

**Грант алушы:**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

М.О.

## Жобаны іске асыру тиімділігі бойынша есеп

Жобаның атауы \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022ж. бастап « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2022ж. дейін  
есепті кезең

Келісімшарт № \_\_\_\_\_

Заттай грант сомасы: \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ мың) тенге.

№	Атауы	Сипаттамасы
1	Есепті кезеңдегі қызметті сипаттаңыз: қандай жұмыс кезеңдерін аяқтадыңыз? (әр кезеңді көрсетіп өтіңіз)?*	
2	Жұмыстың қандай кезеңдерін жүзеге асыру Сізге қиын болды және не себепті? Жұмыстың қандай кезеңдерін толық жүзеге асыра алмадыңыз және не себептен?	
3	Есепті кезеңде сіздің жобаңызды іске асыру нәтижелерін сипаттаңыз	
4	Қанша адамды жұмысқа орналастырдыңыз?	
5	Қандай қосымша ресурстарды пайдаландыңыз? (материалды, материалды емес)	
6	Ауданға қандай септігін тигізуде?	
7	Жоба бойынша жоспарларыңыз?	

\* есепке есепті кезеңдегі қызметін растайтын құжаттарды (мысалы, фото, видео, хабарландыру мәтіні, жұмыс кестесі және т. б.) қоса беру қажет.

Жоба жетекшісінің қолы \_\_\_\_\_

Күні:

**Қосымша 6. SWOT-талдау негізіндегі іс-әрекеттер матрицасы**

		<b>Мықты тұстары</b>				
		<b>Бизнес-жобаның сұранысына байланысты нақты затқа комиссия шешімімен қаржы бөлу</b>	<b>Грант заттай беріледі</b>	<b>Жергілікті өнім шығарушы/ өнім шығаруға ниетті кәсіпкерлерді қолдау</b>	<b>Жаңа жұмыс орындар құру</b>	<b>Жергілікті өндіріске деген жоғары сұраныс</b>
<b>М ү м к і н д і к т е р і</b>	<b>Кәсіпкерлерге ісін бастауға немесе жұмыс жасап тұрған кәсібін дамытуға қосымша мүмкіндік;</b>	Бизнес-жобаға байланысты конкурс аясында комиссия шешімімен заттай грант беру арқылы қолдау көрсету	Қажетті құрылғыларды алуға қолдау көрсету	Жергілікті тұрғындардың қажеттілігін зерделеу	Жұмыс орындарының құрылуын міндеттеу	Жергілікті шаруа қожалықтарының, тұрғындардың қажеттілігін өтеуге бағытталған жобаларға басымдық беру
	<b>Мемлекеттік қаржыны мақсатсыз пайдалануды алдын алу мүмкіндігі;</b>	Бөлінген гранттың мақсатты пайдалануын бақылауға есеп формасын әзірлеу	Грант объектісін ұсынатын мекеменің сапалығын бағалау	Заттай грантты нақты өнім шығаруға бағытталған бизнес-жобаларға беру	Кәсіпкерден болашақты жоспарлау бойынша жол картасын сұрау	«Бизнес-бастау» бойынша алдын ала оқуын талап ету
	<b>Нақты жұмыс жасап тұрған ШОК санының өсуін қамтамасыз ету;</b>	Кәсіпкерді заңды тіркеу	Жобаның заттай сұранысын қанағаттандыру	Өнім шығару арқылы өзін-өзі қамтығандардың кәсіпкерлігін заңды тіркеуге ынталандыру	Грант ұсыну талабына жұмыс орындарының ашылуын міндеттеу	Сұранысты талдау арқылы шешім шығару
	<b>ШОК өндірілген өнім көлемінің өсуі;</b>	Өңір сұранысына байланысты жобаларды іріктеу	Заттай грантты өндірісқұралын алуға беру	Өнім шығарушы кәсіпкерлерді қолдау	Өндіріс секторында жұмыс жасайтын азаматтарды оқыту	Өнімге өңірлік таңбаларды пайдалануды ынталандыру
	<b>«Мемлекет – кәсіпкерлік – қоғам» байланысын құру</b>	Нақты қажеттілікті анықтау	Өңірлік сұранысты қанағаттандыратын кәсіпкерлікті қолдау	Конкурсқа түсуші кәсіпкер осы ауданда тіркелуін талап ету	Жоба бойынша жергілікті азаматтарды жұмыспен қамтуын талап ету	Жергілікті сұранысты қанағаттандыратын жобаларды іріктеу

<b>Мықты тұстары</b>						
		<b>Бизнес-жобаның сұранысына байланысты нақты затқа комиссия шешімімен қаржы бөлу</b>	<b>Грант заттай беріледі</b>	<b>Жергілікті өнім шығарушы/ өнім шығаруға ниетті кәсіпкерлерді қолдау</b>	<b>Жаңа жұмыс орындар құру</b>	<b>Жергілікті өндіріске деген жоғары сұраныс</b>
<b>Қ а у ы п - қ а т е р л е р</b>	<b>Заттарды сатып алу кезіндегі қиындықтар (бағасының өсуі, сапасыз тауардың жеткізілуі, т.с.с.);</b>	Жеткізуші кәсіпорынмен баға бойынша алдын ала келісімге отыру	Сапасыз тауар жеткізілген жағдайда қайтару мәселесін келісімшартта қарастыру	Гранттық заттың кепілдігін талап ету	Жергілікті жұмысшылар сатып алынған құрылғымен жұмыс жасай алу жағдайын қарастыру	Сатып алынған құрылғы жергілікті ауа-райы, география және басқа да ерекшеліктерді ескеру арқылы алынуын бақылау
	<b>Кейбір кәсіпкерлердің тауар жеткізуші компаниялармен келісім жасау арқылы тауардың бағасын жоғарылатуы;</b>	Комиссияның жеткізуші компанияны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тексеру	Құрылғының нарықтағы орташа бағасын сұрату	Заттай грант сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тап болған жағдайда жауапкершілікті түсіндіру	Жемқорлықтың жолын кесу	Комиссияның объективті бағалауын бақылау
	<b>Өндірілген өнімнің сатылымының кейбір себептерге байланысты төмендеуі/ іске аспауы;</b>	Жоба аясында жергілікті өнімнің сатылуына қолдау жасау	Жергілікті өнімді насихаттау	Ақпараттық қолдау көрсету	Жұмыспен қамту орталығы бағдарламаларына қатыстыру мүмкіндігін қарастыру	Тауардың қаптамасын жасақтауға қолдау көрсету
	<b>Кәсіпкердің өз еркімен келісімшартты бұзу кесірінен заттың сапасыз қайтарылуы;</b>	Қайтарылатын зат сапасыз болып танылған жағдайда қаражатты өтеуді талап ету	Аталған қатер бойынша келісімшартта арнайы бөлім арнау	Грант қаражатының жергілікті бюджеттен бөлінетіні туралы хабардар ету	Комиссия жұмысын күшейту	Өнімнің сұранысқа бағдарлануына қолдау жасау
	<b>Белгілі себептермен іске асырылмаған, келісімшартты орындамаған кәсіпкерлердің заттарының әрі қарай қолданбауынан ескіруі/ қолданысқа жарамай қалуы/ өзектілігін жоғалтуы</b>	Қайтарылған зат сапалы болған жағдайда көп ұзатпай басқа қажет ететін бизнес жобаларға ұсыну жолын айқындау	Жобада болашақ жоспары айқын жазылғанына көз жеткізу арқылы грант ұсыну	Грант алушылардың жұмысты жүргізуіне келісімшарт аясында бақылау жүргізу	Келесі жобаларға қатысуға мүмкіндіктер ашу	Жобаның жүзеге асырылуына қатысты барлық қауіп-қатерлерді зерделеп шешім шығару

Әлсіз тұстары						
		Қаражат көлемінің шектеулігі/аздығы	Жергілікті тұрғындарда кәсіпкерлік дағдысының төмендігі	Кәсіпкерлердің маркетинг бойынша білімінің төмендігі	Өзін-өзі қамтыған азаматтардың кәсіпкерліктерін заңды түрде тіркелуді қаламауы	Келісімшарт бұзылған жағдайда кәсіпкердің жауапкершілігінің деңгейінің төмендігі
<b>М Ү м к і н д і к т е р і</b>	<b>Кәсіпкерлерге ісін бастауға немесе жұмыс жасап тұрған кәсібін дамытуға қосымша мүмкіндік;</b>	Комиссиямен нәтижелі деп танылған жобаларды іріктеп қолдау	Конкурсқа қатысу үшін міндетті түрде алдын ала оқытылуын талап ету	«Атамекен» ҰКП-ның онлайн академиясының және басқа да ресурстардағы дәрістерді ұсыну	Қолдауға ие болу үшін тіркелуді талап ету	Жобада болашақ жоспарын ұсынуын талап ету
	<b>Мемлекеттік қаржыны мақсатсыз пайдалануды алдын алу мүмкіндігі;</b>	Қолдауды өңірлік қажетті жобаларға бағдарлау	Қаржылық сауаттылық бойынша оқыту	Кәсіпкерлікті жүргізу дағдысын бағалау	Қолдауға ие болу үшін тіркелу қажеттілігін түсіндіру	Заттау гранттың қайтарылу жолын алдын*-ала қарастыру
	<b>Нақты жұмыс жасап тұрған ШОК санының өсуін қамтамасыз ету;</b>	Қолдау арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру	«Атамекен» ҰКП филиалының жұмысын жандандыру	Жоба жеңімпаздарын аудандық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету	Ақпарат құралдары арқылы тіркелген кәсіпкерліктің тиімділігін насихаттау	Кәсіпкерлердің сұраныстарын қанағаттандыру
	<b>ШОК өндірілген өнім көлемінің өсуі;</b>	Қолдауды өнімнің өсуіне бағыттау	Қажеттілік бойынша оқытуға қолдау жасау	Аудандық ақпарат құралдарында жергілікті өнім бойынша мақалалар шығару	Тіркелген кәсіпкерлік субъектілерінің өнімдерін таратуға қолдау жасау	Қажетті талдау ақпараттарымен қамтамасыз ету
	<b>«Мемлекет – кәсіпкерлік – қоғам» байланысын құру</b>	Комиссия құрамына мемлекеттік мекеме өкілдерімен қоса, кәсіпкерлерді, қоғам өкілдерін тарту	Кәсіпкерлер арасында байланыс ортасын қалыптастыру	Қоғамда жергілікті өнімді тұтынудың маңыздылығын насихаттау	Қоғам өкілдерін тарту	Кәсіпкерліктің жұмыс жасауына қоғамдық бақылау ұйымдастыру



Әлсіз тұстары						
		Қаражат көлемінің шектеулігі/аздығы	Жергілікті тұрғындарда кәсіпкерлік дағдысының төмендігі	Кәсіпкерлердің маркетинг бойынша білімінің төмендігі	Өзін-өзі қамтыған азаматтардың кәсіпкерліктерін заңды түрде тіркелуін қаламауы	Келісімшарт бұзылған жағдайда кәсіпкердің жауапкершілігінің деңгейінің төмендігі
Қ а у і п - қ а т е р л е р	Заттарды сатып алу кезіндегі қиындықтар (бағасының өсуі, сапасыз тауардың жеткізілуі, т.с.с.);	Жобаларды сапалы іріктеу, жеткізуші компаниямен келісімшартқа отыру	Мемлекеттік емес гранттық және оқыту конкурстарына қатыстыру	Жергілікті тауар өндірісшілерге арналған арнайы орындар әзірлеу	Қолдау алу үшін заңды тіркелу қажеттілігін түсіндіру	Негативті әсер болған жағдайда арнайы «қара» тізімге іліктіру мүмкіндігін қарастыру
	Кейбір кәсіпкерлердің тауар жеткізуші компаниялармен келісім жасау арқылы тауардың бағасын жоғарылатуы;	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда бірден қарым-қатынасты тоқтату	Қоғам өкілдерін тарту арқылы тәртіпті түсіндіру	Сұратылып жатқан құрылғыға қатысты нарықтағы орташа бағаны зерттеу	Комиссия құрамына тәжірибелі мамандарды қосу	Жемқорлық фактілері анықталған жағдайда қатынасты тоқтату
	Өндірілген өнімнің сатылымының кейбір себептерге байланысты төмендеуі/ іске аспауы;	Ақпараттық қолдау көрсету, қаржылық емес қолдау шараларына қатыстыру	Көршілес өңірлердің тәжірибесімен таныстыру	Тауарды маркетингтік жылжытуға қатысты қаржылай емес қолдау шараларын ұсыну	Ресми тіркелген кәсіпкерлікке қосымша қолдау шараларын түсіндіру	Жобаның іске асырылу орындылығына баға беру
	Кәсіпкердің өз еркімен келісімшартты бұзу кесірінен заттың сапасыз қайтарылуы;	Келісімшарт бұзылған жағдайда затты бағалау тәртібін анықтау	Кепілдік мерзімін сақтауды талап ету	Арнайы келісімшарт жасақтау	Пайдалану мерзіміне сәйкес ақы төлеу ықтималдылығын зерделеу	Зат бұзылған жағдайда қаражатты толығымен қайтару тәртібімен таныстыру
	Белгілі себептермен іске асырылмаған, келісімшартты орындамаған кәсіпкерлердің заттарының әрі қарай қолданбауынан ескіруі/ қолданысқа жарамай қалуы/ өзектілігін жоғалтуы	Қайтарылған затты келесі жобаларға қажеттілікке сәйкес конкурс шешімімен ұсыну	Іріктеуге қатысушылардан міндетті түрде алдын ала кәсіпкерлік курстардан өткенін растайтын сертификат талап ету	Кәсіпкерлік бөлімімен аудандағы жоғары сұранысқа ие салалардың тізімін жасақтау	Жобаның сәтті жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау мүмкіндігін қарастыру және қаржылай емес мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну	Белгілі уақыттан кейін және тұрақты түрде есеп беру тәртібімен таныстыру және іске аспаған жағдайда қайтару процесін іске асыру

